

Әбу Насыр әл Фараби:
Бақыттың мәні - парасаттылықта!

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жасаукершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

ШІЛДЕ

4

ИЮЛЬ

ТАМЫЗ

2014

АВГУСТ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақынжамал ҰЗАҚБАЕВА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Тамыз мәслихатына

Гүлжан КЕНЖЕБАЙ. Сәния ДАЙЫРБАЕВА.	Диалогты тілдесу жұмысы.....3 Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру кілті.....7
Зәуре СОВЕТОВА.	Тілді оқытудағы шешендік сөз өнері.....11

Педагог пайымы

Патима БАЙДИЛЛАЕВА.	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстар.....18
Жаңылсын ЕРЕШЕВА.	Жүз жылдық жара.....22

Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе

Бибігүл БАТЫРОВА.	Сәбит Дөнентаевтың «Бозторғайы» мен «Ой» өлеңдері.....25
Ғалия МҰҚЫШЕВА. Күнбала СЫҒАЕВА.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....31 Жеке тұлғаға бағытталған ұжымдық оқыту технологиясы.....35

Тәрбие сағаты – жан азығы

Гүлмира ҮСПЖАНҚЫЗЫ.	Желтоқсанда Тәуелсіздік таңы атты.....42
Гүлмира АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Әдептілік – асыл қасиет.....47

Ұлттық ұлағат

Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА. Бану АМАНҚЫЗЫ.	Анаға құрмет.....58 Ата-ананың парызын Өтеу – сенің қарызың.....60
Гауһар ӘБДИМӘЖИТҚЫЗЫ.	Ұлттық ұғымдарды ұлықтайық.....66

Көмекші құрал

Айсұлу ӘЛИАСҚАРҚЫЗЫ.	«Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы.....71
----------------------	---

В мире педагогики

Амир МОЛДАБЕКОВ.	Концепция единой национальной системы электронного образования.....80
Сахипжамал УЗАКБАЕВА, Алтынай БЕЙСЕМБАЕВА.	Значение педагогической рефлексии в процессе вузовской подготовки специалистов.....88

В одном высшем учебном заведении

Анар СИДАГАЛИЕВА.	Формирование фонетической компетенции.....94
Дина СМАГУЛОВА. Раушан КАМЕТОВА.	Дистанционное обучение.....99 Преподавание профессионального русского языка.....105

Әдеби кеш әлемі

Медет ДҮТБАЕВА.	Абылайдың арманы.....112
-----------------	--------------------------

Тарих қойнауында

Гүлзира ТҮГЕРБАЕВА. Майгүл РАХМЕТ. Жібек АЛШЫНБЕКҚЫЗЫ.	Үкілі Ыбырай үні асқақ.....123 Әзілхан ишан мешітіндегі имандылық.....129 Сал-серілердің тарихи деректері.....132
--	---

Өнер алды – қызыл тіл

Ерік ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ.	Туған жерім, туған анам – жырымсың.....141
---------------------	--

Тамыз мәслихатына

Гүлжан КЕНЖЕБАЙ,
Ш.Есенов атындағы
Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университетінің
«Тілдік пәндер» кафедрасының
аға оқытушысы.

ДИАЛОГТЫ ТІЛДЕСУ ЖҰМЫСЫ

Қазіргі заманауи өмірімізде экономиканы, әлеуметтік саясатты, мәдениетті дамыту үшін міндетті түрде шетел тілін білу керек. Шетел тілін білу – уақыт талабы. Шетел тілін білу – болашақтың кілті. Қазіргі таңда мемлекетімізде әр оқушы, әр студент, әр азамат шетел тілін жетік меңгеруге бел буған Бұған мемлекетіміздің «көп тілділік» саясаты куә. Шетел тілін оқу – қажеттілік. Шекарасын бүкіл әлемге айқара ашып отырған қоғамға міндетті түрде бірнеше шетел тілін жоғары деңгейде меңгерген маман қажет. Сондықтан да қазіргі мектеп пен жоғарғы оқу орынының міндеті – жас жеткіншектерді «көптілділікке» дайындау. Себебі: «XXI ғасыр – көптілді тұлғалардың заманы»-деп жарияланған. Сондықтан да шетел тілін оқудың «жұлдызды сәті» жетті деп айтуға болады. Шетел тілін жоғары деңгейде игеру – осы ғасырдағы әр азаматтың кәсіптік және жеке өсуінің кепілі.

Қазіргі оқу ісіндегі басты мәселе – тіл мен сөйлеу үдерісін жіктей оқыту, студенттердің дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Тілдік материалды дұрыс таңдай білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығулар арқылы

іске асырылуда. Оқу тілдік іс-әрекет түрлерінің бірі болғандықтан, оқудың түрлерін жікке бөліп оқыту неғұрлым тиімдірек болмақ. Іс жүзінде маманға шетел тіліндегі әдебиетпен жұмыс істеу барысында оқудың негізгі үрдістерін қолдану қажет болады: оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу. Сабақты студенттің ойын осы сабаққа аударатындай тиімді әдісті қолдана отырып бастау керек. Ол әдістің бірі – диалог. Бұл әдіс, бір жағынан, студенттің ауызекі тілін шетел тілінде сөйлеуге жаттықтыру болса, екінші жағынан, диалог арқылы студентпен тікелей сөйлесу болып табылады. Диалогты үлгерімі орташа студенттерге пайдалану тиімді. Диалог арқылы әр сабақта студентпен сөйлескенде сұрақтар қоя отырып, бүкіл топты жұмылдырып алып, студенттердің бүкіл зейінін өзіне аудару арқылы түрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге болады. Мысалы:

1. Грамматикалық тапсырмаларды түрлендіру;
2. Студенттерді топқа бөліп, топтарды бір-бірімен сөйлестіру, жарыстыру;
3. Белгілі бір тақырып бойынша берілген диалогты жалғастыру;
4. Шағын көріністер дайындау;
5. Диалогты өзгертіп баяндау;
6. Диалогтан іріктеліп алынған сөздерге морфологиялық талдаулар жасату;
7. Диалогтан алынған сөздердің синонимін, омонимін, антонимін тапқызу;
8. Диалогтағы сөйлемдерді етістіктің шақтарына бөліп, теріп жазу;
9. Сұраулы сөзі бар немесе сұраулы сөзі жоқ және лепті сөйлемдерді теріп жазу;
10. Диалогтың мазмұнын қысқаша түрде баяндап беру;
11. Диалогты жаттап айту;

12. Белгілі бір тақырып бойынша диалог құрас-тыруға үйрету.

А.Қ.Артықбаеваның «Шетел тілі сабағына қойылатын негізгі талаптарында» диалогқа үйрететін жұмыс кезеңдерінде былай делінген:

1. Диалогты түрде сөйлеуге қажет лексикалық, грамматикалық материалдарды қайталау;
2. Диалогты құруға қажетті жағдай жасау, сөзбен немесе көрнекіліктер арқылы;
3. Рөлдерді бөліп беру;
4. Мұғаліммен бір-екі студенттің сөйлеуге, диалогқа қатысуы;
5. Диалогты түрде сөйлеу барысын тексеру [1].

Диалогты сөйлесуді үйреткенде өткен тақырыптар, оқыған, тыңдаған мәтіндер, косымша аутенттік диалогтар, суреттер, жағдаяттар кең түрде пайдаланылуға тиісті. Қолданылып отырған оқулықтарымыздың әр тарауында диалогтар аудармасымен бар. Сол дайын диалогтарды дискіден бірнеше рет тыңдап, бірнеше рет оқып, аудармасымен салыстырып, ішінен өтпеген жаңа сөздерді, мақал-мәтелдерді, сөз тіркестерді теріп жазып алу керек. Сол материалдарды жаттау керек. Диалогтың сөйлемдерін етістіктің шақтарына бөліп, омоним, синоним, антоним және сын есімнің шырайларын табу қажет. Қайталап оқығаннан кейін, диалогты рөлдерге бөліп алып, жаттау керек. Осындай талдау жұмысынан кейін студентке диалогты жаттау оңай болары сөзсіз. Мұндай әдіс студенттің жаттау қабілетін қалыптастырады. Диалогтарда берілген жаттанды дайын сөйлемдер студенттің әрдайым есінде болады, қажет болған жағдайда сол сөйлемдерді пайдаланады және есте сақтау қабілетін дамытады. Диалог бойынша орындалатын осындай жұмыстың нәтижесінде студенттердің ауызекі сөйлеу тілін

дамытуда сөздік қорының молаюына, тіл байлығының өсуіне, ой-өрісін жетілдіруге, алған теориялық білімін іс жүзінде пайдалана білуге зор әсерін тигізері сөзсіз.

Әрбір сабақты ой-ашардан бастау студенттерді бірден шетел тілі атмосферасына енгізеді. Ой-ашар ретінде алынған өлеңдер, тақпақтар, әндер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер студенттің бойындағы ақын, жазушылық қабілеттерін дамытуға түрткі болса, сұрақ-жауап, диалогтар олардың еркін сөйлеуіне мүмкіндік туғызады.

Оқытушының негізгі басты мақсаты – студентінің өзінен де білімі терең, дәрежесінің биік болуы. Сондай жағдайда ғана қоғамда алға даму үдерісі жүреді. Салауатты, білімді, мәдениетті, өте жоғары деңгейде сауатты адамдар ғана халықтың бетке ұстар қаймағын – элитасын құрайды. Элитасы кеміген ел – ел болудан қалады. Білімді жас жеткіншектерді тәрбиелеп жатқан біздерге, оқытушыларға, бұл – өте үлкен жауапкершілік және сын. Біздің қазақ елі – Отанымыз – Қазақстанды жан-жағынан дамытатын, гүлдендіретін, бүкіл әлемге танытатын – болашақ білімді, жауапкершілігі мол мамандар. Жастарымыздың шетел тілінде жатық сөйлеп, қатесіз жазып, еркін аударып, жаһандық экономикаға бел сыбана кірісулері – қазіргі заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. А.Қ.Артықбаева. «Шетел тілі сабағына қойылатын негізгі талаптар». Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. 6-2006; 2. В.Т.Громов., Э.А.Нервирт, Р.Г.Шлотгауер, Т.М.Черненкова. Немецкий язык – Учебное пособие для педагогических училищ. 160-161-стр. М., «Просвещение», 1975.

Сәния ДАЙЫРБАЕВА,
М.Әуезов атындағы
№7орта мектептің мұғалімі.
Атырау облысы,
Атырау қаласы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ КІЛТІ

«Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ болып қалмас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады». (В.А.Сухомлинский).

Озық педагогикалық технологияны тиімді меңгеру – мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық қабілеттерінің қалыптасуына ізгі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытуға көмектеседі. Сабақ біздің заманымызда да оқытудың негізгі түрі ретінде қала береді. Оның ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін өзгертіп жаңартуда қазіргі заманғы оқыту технологиясын меңгеру – күрделі үрдіс. Оқыту үрдісінде озық технология түрлерін кеңінен ендіру немесе әдіс-тәсілдерін пайдалану – әрбір мұғалімнің міндеті. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов «Адам баласы жан жемісін татпай, өмірдің терең мағынасын, шын мақсатын түсіне алмайды» деп әдемі түйіндеген. Жан жемісі – алдымен оқу-білім, тәрбие десек, сол жемісті берер мәуелі ағаш – мектеп, ал мектептің жүрегі – ұстаз. Жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін нығайту, бір сөзбен айтқанда, өмірде өз жолын өзі таңдауына түрткі болу – ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы абыройлы борышы.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына

жаңасы келуде. Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі объект-субъектілі педагогикасының орынын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үдерісті кез келген үлгімен, тіпті, авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Модульдік оқыту технологиясының (МОТ) бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл, т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға; белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі – дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады. Оқу моделі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен, қорытынды бөлімнен тұрады. Оқу моделінің ерекшелігі – жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады.

Оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әр сабақта үш күрделілік деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған.

Оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды (топтық, топтық-жеке, жұппен жұмыс, диспуттар, пікірталастар) қолдану – оқытудың міндетті шарты болып табылады. Зерттеу көрсеткендей, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте – 13-тен 24 ретке дейін – қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Технология

ауқымында оқу үдерісі мынадай бастапқы жағдайда құрылады: баланың көптеген тұлғалық психикалық қасиеттері оның жеке өзіндік, өзін қанағаттандыратын қызметі барысында айқындалып, қалыптасады. Технологияда бұған ерекше мән беріледі. Танымдық қабілетіне рахаттанып, қанағаттану – әр оқушының соңында жоғары нәтижеге қол жеткізуінің маңызды факторларының бірі. Сондықтан да сөйлесу бөліміндегі бағалар ынталандырушы сипатта болады.

Бұл технологияның маңызды шарты – оқушылардың кез келген ғылыми көздерді, оқулықтарды, оқу құралдарын пайдалана алуы, сондай-ақ ұйымдастырушы, көмекші, кеңесші ретінде мұғалімнен жедел кеңес ала алатындығы. Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі – дарынды балалармен тұрақты жұмыс жасаудағы мүмкіндіктің молдығы.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» сабақтарында модульдік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру» тақырыбында шығармашылықпен жұмыс жасап келемін. Алдыма қойған басты мақсатым: жан-жақты білімді, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті, білімді қызыға қабылдауға бейім жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатымды жүзеге асыру үшін мынадай маңызды талаптар қойдым:

1. Сабақ тақырыбының нақты, түсінікті болуы, оны мұғалімнің түсіндіру шеберлігі;

2. Мұғалімнің білім деңгейінің тереңдігіне оқушының сенімін ұялату;

3. Сабақ кезінде оқушылардың зейінін билеп, оны өзіне, сабаққа аудара білу;

4. Сабаққа оқушылардың түгел қамтылуын қамтамасыз ету.

Осы талаптарды жүзеге асыру үшін мынандай міндеттер қабылдадым:

1. Сабақты түрлендіріп өткізу;

2. Интерактивті әдістерді пайдалану;

3. Ойын түрлерін орынды пайдалана білу;

4. Шығармашылық жұмыс түрлерін беру;

5. Пәнаралық байланысты нығайту;

6. Тақырып бойынша тест, сынақ алу.

Жеке адамды қалыптастырып дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында модульдік оқыту технологиясының да маңызы ерекше. Өз сабақтарымда пайдаланып, біраз нәтижелерін көрдім деуге болады. Бір сабағымға тоқталып өтейін. 7-сыныпта «Сөз тіркесі» тақырыбын өткенде 10 сағатқа модуль құрдым.

1-сабақ – кіріспе бөлімінде жалпы тақырыпты ашатындай тірек-сызба, кестелерді пайдалана отырып, толық мағлұмат берілді.

2,3-сабақ сөйлесу бөлімінде тақырыпты меңгерту мақсатында «Бақытты сәт», «Алгоритм» ойындары ойналды.

4,5-сабақ тақырыпты дамыту мақсатында деңгейлік тапсырмалар беріліп, «Өрмекші» ойыны ойналды.

6-сабақта оқушыға шығармашылық жұмыстар, сөзжұмбақ шешкіздім.

7,8-сабақ тақырыпты бекіту мақсатында «Брейн-ринг», «Рөлдік» ойындар орындалды.

9,10-сабақ – қорытынды бөлімде білімді жинақтап қорытамыз.

Модульдік оқыту технологиясын пайдалануда оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру маңызды рөл атқарады. Оқушылардың дүниетанымы кеңейіп, сөздік қоры молаяды. Өзіндік ой-пікірін айтып қорғай алады. Кез келген тақырыпта шағын ой-толғау жазуға бейімделеді. Тақырыпты қорғауда сурет салып, сөзжұмбақ құрастырып, қазіргі өмірмен байланыстырып талдай алуға дағдыланады.

Модульдік оқыту технологиясын пайдалануда төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

1. Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады;
2. Өзіндік ой-пікірі қалыптасады;
3. Топпен, жұппен жұмыс жасауға үйренеді;
4. Сабаққа деген қызығушылығы артады;
5. Оқушы білімін жүйелі анықтауға мүмкіндік мол;
6. Оқушыны әр қырынан тануға, сол мүмкіндікті әрі қарай шыңдауға жол ашылады.

Зәуре СОВЕТОВА,
ф.ғ.к., Алматы Энергетика және
байланыс университетінің
қазақ және орыс тілдері
кафедрасының аға оқытушысы.

ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ШЕШЕНДІК СӨЗ ӨНЕРІ

Ең алдымен айтарымыз – мұғалім үшін басты мәселенің қатарына жататын, сабаққа тиісті бүкіл алғышарттар сақталып, сабақтың көкейкесті мұрат-мақсаты, білімділік, дамытушылық және тәрбиелік міндеттері, сабақ түрі мен әдіс-тәсілдері айтылып, сан алуан көрнекі құрал-жабдықтар қолданылады, озық технологиялар пайдаланылады.

Бүгінгі сабағымыз «Шешендік сөздер, олардың түрлері» тақырыбына арналады.

Өнердің бірнеше түрі болса, соның бірі – киелі де қасиетті сөз өнері. Шешендік өнер «бар өнердің биігі» ретінде саналған.

«Дүниеде не қиын? Бәрінен де сөз бастау қиын», - деп Досбол шешен айтқандай, халық қашанда сөз өнеріне ерекше мән берген. Сөйлей білу – үлкен өнер. Мәселен, бүгінгі студент – ертеңгі маман ретінде өз пікірін ашық айтып, ортаға салуға себеп болар жағдайлар өте көп. Өйткені қазір қай салада болмасын сөз тізгінінің бір ұшы жастардың қолында екені белгілі. Олай болса, бүгінгі сабағымыздың мақсаты сіздерді жұрт алдында сөйлей білуге үйрету болмақ.

Енді сабақтың барысымен таныстыра кетейін:

Шешендік сөздер – халық даналығы (тірек-сызба бойынша мәтінді мазмұндау);

«Қазақтың би-шешендері» (презентация);
 «Атаның сөзі – ақылдың кені» («Білім дөңгелегі» ойыны);


Шешендік сөздердің түрлері (тірек-сызба негізінде мәтінді баяндау);

«Мықты болсаң, айтып көр» рөлдік ойыны (мақал-мәтелдер бойынша);

Сабақты бекітуге байланысты тапсырмалар.

Студенттер екі топқа бөлінді: бірінші топ – «Тапқырлар» тобы, екіншісі – «Алғырлар» тобы. Сабағымызды бастамас бұрын, топтардың білімін бағалау үшін 2-3 оқытушыға бағалау парағын бергенді жөн көрдік.

Негізгі кезең: тірек-сызба бойынша «Шешендік сөздер – халық даналығы» мәтінінің мазмұнын сұрау.



Сұрақтар:

Бізге осы шешендік сөздерді жеткізуші кім?
 Қазақтың би-шешендерінен кімдерді білесіздер?
 «Қазақтың би-шешендері» (презентация).

«Тапқырлар» тобы Төле, Қазыбек, Әйтеке билер туралы, ал «Алғырлар» тобы Жиренше, Бөлтірік шешендер туралы, олардың өмірбаянына, шығармашылығына байланысты мағлұматтарды баяндап беретін болады.

- Сөз кезегін Төле бидей тауып айтатын, Қазыбек бидей қазып сөйлейтін, Әйтеке бидей жарып айтатын «Тапқырлар» тобына береміз.

Сұрақтарыңыз болса, дайын отырыңыздар.

(Төле, Қазыбек, Әйтеке билер туралы).

- «Тапқырлар» тобы билер туралы, олардың шығармашылығы бойынша біраз ақпарат берді деп ойлаймын. Қиыннан жол тауып, қысылғанда сөз таба білген қасиет – нағыз шешендердің үлесінде. Ал енді қазақтың шешендері туралы мағлұматты «Алғырлар» тобынан тыңдап көрсек.

Қояр сауалдарыңыз болса, дайын отырыңыздар.

(Жиренше, Бөлтірік шешендер туралы).

Сонымен, би-шешендердің қоғамдағы рөлі қандай болған?

(хандарға, сұлтандарға кеңесші болған, билік айтып, дауды шешкен, халқына әділ, сыйлы болған, адамның (құнды) қасиеттерін бағалай білген, жақсы мен жаманды айырған, бата-тілек айтқан).

«Атаның сөзі – ақылдың кені» («Білім дөңгелегі» ойыны).

Бұл тапсырма «Атаның сөзі – ақылдың кені» деп аталады. Экрандағы «Білім дөңгелегіне» жасырылған шешендік сөздерді жалғастыру.

Экранда жасырылатын шешендік сөздер:

Қол бастау қиын емес, Көк найзалы ерің болса... (Досбол шешен)	Ағын судың өлгені – Алты ай қыста қатқаны... (Жиренше шешен)
--	--

Үй сыртында төбең болса, Ерттеулі тұрған атың ғой... (Төле би)	Өркенім өссін десең, Кекшіл болма... (Қазыбек би)
Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім... (Бала би)	Дау мұраты – біту... (Сырым шешен)
Байлық – қолға ұстаған мұзың емес пе... (Бөлтірік шешен)	Бай болсаң, Халыққа пайдаң тисін... (Әйтеке би)

Тірек-сызба негізінде «Шешендік сөздердің түрлері» мәтінін сұрау.



Шешендік сөздердің жұмсалатын орындарына түгел тоқталмай-ақ, өз мақсат-міндеттерімізге тікелей қатысты академиялық шешендік сөздерге назар аударайық. Академиялық шешендік сөздерге мыналар жатады:


- жоғары оқу орындарындағы лекциялар;
- ғылыми баяндамалар;
- ғылыми шолулар;
- ғылыми хабарламалар.

Білім-ғылым мазмұнындағы шешендікті көрсететін орындар: жоғары оқу орындарының кафедралары, яғни,

лекциялар, ғылым мәселелеріне арналған жиналыс-конференцияларда сөйленетін сөздер, симпозиумдерде жасалатын баяндамалар, ғылыми хабарламалар, диссертациялар.

Академиялық шешендік сөздер 3 топқа бөлінеді:

- 1) таза академиялық ғалымдар ортасы;
- 2) жоғары білім беретін мектеп;
- 3) тәлімдік-педагогикалық шешендік.



Академиялық шешендік сөздердің ең басты белгілері: айтылмақ ойдың негізді, дәлелді болуы, сөздің біршама қатаң стильде айтылуы және ғылыми терминдердің молынан орын алуы. Басты мақсат – білім мен ғылым саласынан хабар беру, ғылымды таныту.

Дұрыс сәйкестігін бағдар сызық арқылы белгілеңіз.

1	Академиялық шешендік	Шешендер жиынды ауызына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатында сөйлейді (А.Байтұрсынұлы).
2	Діни мазмұнды шешендік	Шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтауға қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері (А.Байтұрсынұлы).

3	Сот ісіндегі шешендік	Біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошаметтеп сөйлеген шешеннің сөзі (А.Байтұрсынұлы).
4	Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік	Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені (А.Байтұрсынұлы).
5	Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік	Дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі (А.Байтұрсынұлы).

«Мықты болсаң, айтып көр» рөлдік ойыны (мақал-мәтелдер бойынша).

Қазақ халқы «Өнер алды – қызыл тіл» деп бекер айтпаған. Шешендік сөздердің бастауы – мақалдар мен мәтелдер. Ендеше, біз де мақал-мәтелдерге байланысты «Мықты болсаң, айтып көр» рөлдік ойынын ойнасақ. Бұл ойында екі топтан бір-бір студенттен тақтаның алдына шығып, әріптерді алады. Сол әріптерден басталатын мақал-мәтелдерді кезекпен айтып жарысады.

Сабақты бекітуге байланысты тапсырмалар:

1. Үлестірмелі кәртiшкелер таратылады.

Үлестірмелі кәртiшкелер:

№1. Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қойып, оларға қарама-қарсы мәндегі сөздерді, ал асты сызылған сөздерге мағыналас сөздерді тауып жазыңыз.

Жерден ... (ауыр – жеңіл) дегенім – ақыл, білім. Судан ... (терең – таяз) дегенім – оқу, ғылым. Оттан ... (ыстық – суық) дегенім – адамның (пенде, кісі, жан) өмірі (ғұмыр, дүние), Көктен ... (биік – аласа) дегенім – тәкаппардың көңілі.

№2. Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қойып, оларға қарама-қарсы мәндегі сөздерді, ал асты сызылған сөздерге мағыналас сөздерді тауып жазыңыз.

... (Байлық – кедейлік, жоқтық) – қолға ұстаған мұзың


емес пе? ... (бақ – сор) – ол да ұшқан бір құсың емес пе? бала – артта қалған ізің емес пе?! Бәрінен жолдас-жораңмен (дос), ағайын-туысыңмен, ел-жұртыңмен (халық, ел) сіз-біз деп өмір сүргенге не жетсін! Осыларға жүрегің ... (жылы – салқын) болса, ... (қайғы – қуаныш) – күл, қуанышың – от!..

2. Төмендегі тақырыптардың біріне сөйлеуге шағын хабарлама дайындаңыз.

Жастар – ел болашағы. Болашақ – білімде. Ана тілің – арың бұл. Бірлік бар жерде тірлік бар.

3. «Билерше ойланамыз» тақырыбы бойынша жазылған студенттердің шығармалары бар. Соларды тындап көрсек. Жалпы студенттік өмір – ең қызықты сәт. Сонымен студент басында бақыт – нешеу, кемдік – нешеу?

Сабақтың қорытынды кезеңі: - Балалар, біз осы мақал-мәтелдерді жатқа айтып, шешендік сөздерді оқи отырып не алдық? Нені үйрендік? Өзіміздің бойымызға қандай қасиеттерді сіңіре алдық?



(бірлікке, үлкенді сыйлауға, адамгершілікке, туған жерді сүйуге, тапқырлыққа, кішіпейілдікке, т.б.).

Үйге тапсырма: жоғарыда айтылған қасиеттерді кірістіре отырып, «Атадан қалған асыл мұра» тақырыбына эссе жазып келу.

Бағалау: студенттердің білімі балдық жүйе бойынша таразыланады.

Патима БАЙДИЛЛАЕВА,
Ғ.Әбдірахманұлы атындағы
«Қима» орта мектебінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Жақсы ауданы.

ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

Алдымызда отырған әр оқушы – жеке тұлға. Сол әр оқушының өзіндік жеке ерекшелігін, қабілетін айыра біліп, оны әрі қарай дамыту ұзақ та үздіксіз жұмысты қажет етеді. Әр ұстаз өз жұмысының нәтижесін көргісі келетіні де сөзсіз. Сапа саннан шығатыны даусыз, дегенмен, әр сыныптан өте дарындылармен бірге, үлгерімі төмен оқушылар да кездесетіні сөзсіз.

Сол себептен өзім сабақ өтіп жүрген сыныптардағы үлгерімі өте төмен оқушылармен жұмыс жүргізуді жөн көрдім. Оларға өздерінің қатарынан қалмай, өтілетін тақырыпқа сай етіп жеке тапсырмалар беремін. Сол тапсырмаларды орындап отырғанын қадағалаймын. Тапсырма тақырыпқа сай беріледі. Әр тақырыптың мазмұнын түсіндіру қаралады. Осы жұмыстың ең бастысы – оқушының жауапкершілікті сезінуіне, күнделікті сабақ орындауына жол ашады. Балаларға қызықты болуы үшін “Ұлан”, “Айгөлек”, “Бұқпа” газет-журналдарын пайдаланамын.

Мақсаты: үлгерімі төмен оқушының білімін жетілдіру. Ойын, сезімін ояту. Білім үйренуге

дағдыландыру. Жеке тұлғаның қабілетін арттыруды мақсат ету.

Міндеті: әр сабақта стандартқа сай тапсырмаларды, жеңіл тапсырмалар орындату арқылы оқушыны білімді түсінуге, оқуға міндетті екеніне, жауапкершілікті сезінуге үйрету.

Болжамы: осы жұмысты жинақтап, кітапша, дидактикалық тапсырма, үлестірмелі парақша ретінде шығару, пайдалануға ұсыну.

Әдісі: Жинақтау, топтастыру, қорытынды жасау.

Жаңашылдығы: үлгерімі төмен оқушылармен бірге жұмыс істеу, олардың қабілетін, ойын, сезімін, ынтасын, әрекеттенуін ұйымдастыру және арттыру.

Қорытынды мен нәтижелері: үлгерімі төмен оқушы үшін оқуға, жазуға, әр тақырыптан түсінік алуға жол ашылады. Қабілеттерін дамытады, өзін еркін сезінеді, жауаптылықты түсінеді.

Құрылымы: Кіріспе, Негізгі бөлім, Қорытынды бөлімнен тұрады.

Жұмыстың жүйелі жүргізілуіндегі жоспарым:


1. Үлгерімі төмен оқушыны сұрыптап алғаннан кейін оның қандай нәрсеге қызығатынын байқау.
2. Сөздерді дұрыс жазып үйрену үшін жеке дәптер арнату.
3. Өтілген тақырыпқа сай күнделікті жеке тапсырма беру, тапсырманың орындалуын қадағалау.
4. Оқу үлгерімін қалыптастыру, күнделікті 10 сөзден 30 сөзге дейін оқыту.
5. Еркін тақырып ретінде сурет салуға, ән айтуға, өлең оқуға мүмкіндік туғызу.
6. Дәптерді таза ұстауға, берілген тапсырманы өз уақытында орындауға жағдай жасау.

Ұйымдастыру формасы:

	Тақырып-тар	Ережелер:	Тапсырмалар:
1.	Лексика. Сөз бен мағына.	Лексика – белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығы. Сөз мағынамен тығыз байланысты.	1-тапсырма. Мына сөздерді ажыратып жаз: ал, бар, ғой, ды, алма, қой, бар, тұр, отыр, қаз, аза. 2-тапсырма. Мына сөздердің құрамындағы дыбыстарды пайдалана отырып, мағынасы бар сөздерді құрау. Үлгі: бал-ал-а Бал, достық, рақат, бақыт.
2.	Омоним, синоним, антоним	Дыбысталуы бірдей, бірақ мағынасы басқа-басқа сөздер омоним деп аталады.	1-тапсырма. Омоним сөздерді тауып, астын сызу. Ей, жігіт, не қылсаң да ер екенсің. Көргейсің ермегінің берекесін. Қалмақты үзеңгі бар, биік қасты ер. 4-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрау. Мәтінге омоним сөздерді қосу. 5-тапсырма. Бақылау диктанты.
3.	Фонетика. Дауысты дыбыстар.	Тіл дыбыстарын зерттейді.	1-тапсырма. Төмендегі сөздердің дыбыстарын өзгертіп, жаңа сөз жасаңдар: сал, жағ, тас, қаш. 2-тапсырма. Мына сөздерді қатыстырып сөйлем құрау: ағаш, тал, есік, бесік, арба.
4.	Буын.	Буын дегеніміз – сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстардың тобынан жасалған фонетикалық бөлшек.	1-тапсырма. Мына сөздерді буынға бөліп жаз: мектеп, бала, балдырған, бөпе, сәби, Отан, балмұздақ, оқушы.

5.	Үндестік заңы.	Сөзді бастан-аяқ біркелкі әуезбен айтуды үндестік заңы деп атаймыз.	1-тапсырма. Мына сөздерге көптік жалғауын жалғап жаз: ана, әйел, әшекей, мерген, көрме, сөз, бұрым, қазақ, кіріс, жігіт, қыз.
----	----------------	---	--

Оқушының жауаптылығын, белсенділігін арттыру үшін мына талаптарды басшылыққа алдым:



Күтілетін нәтижелер:

1. Үлгерімі төмен оқушыға оқуға, жазуға, әр тақырыптан түсінік алуға жол ашылады;
2. Қабілеттерін дамытады;
3. Өзін еркін сезінеді;
4. Жауаптылықты түсінеді;
5. Оқушының ой-өрісі дамиды;
6. Ойлау іскерлігі қалыптасады;
7. Ақыл-ойы жетіледі;
8. Есте сақтау қабілеті артады;
9. Шығармашылықпен жұмыстанады.

Жаңылсын ЕРЕШЕВА,
К.Мендалиев атындағы
жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Қазталов ауданы.

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАРА

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1. Жаңа тақырыпты меңгерту, оқушыларды ойлана отырып, ұтымды да мәнді пікір айтуға дағдыландыру; 2. Оқушының дүниетанымын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге, адамгершілікке баулу; 3. Оқушының ой-өрісін шыңдау, шығармашылыққа баулу.

Түрі: конференция сабағы. **Әдіс-тәсіл:** сұхбат, талдау, сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** тарих, экология, география, бейнелеу пәні. **Көрнекілігі:** Шерхан Мұртаза суреті, жаралы Байшынар суреті (оқушының салған суреті), «Орал өңірі» газеті, №146, Орманды қорғау – ортақ парыз. Орман – оттегі отаны «Егемен Қазақстан» газеті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру;

II. Жаңа сабақты түсіндіру (Мазмұнын айту).

Қызығушылықты ояту.

Бүгін біздің сыныпқа осы әңгімені талдау үшін тарихшы, психолог, дәрігер, филолог, заңгер келіп отыр. Оларға сұрақ қойып, пікірін білу тілшіге тарсырылады.

III. Конференция.

1. Тілші: - Әңгіме неге «Жүз жылдық жара» деп аталған?

Филолог ғалым жауап береді.

2. Тілші: - Әңгімеде суреттелген ауыр кезең туралы не айтар едіңіз?

3. Тілші: - Жаралы Байшынар мен мүгедек Жуанқұлдың жан күйзелісі туралы не айтар едіңіз? Психолог жауап береді.

4. Тілші:- Дәрігер ретінде дәрілік шөптер туралы не айтар едіңіз?

5. Тілші: - Заңгер ретінде Жуанқұлға қандай жаза қолданар едіңіз?

6. Тілші: - Осы әңгімедегі оқиғаның қай жерде болғанын және сол жерді сипаттап қандай баға берер едіңіз? Географ ғалым жауап береді.

7. Тілшінің қорытынды сөзі:

- Бүгін К.Мендалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектепте Шерхан Мұртазаның «Жүз жылдық жара» әңгімесі бойынша оқушылар конференциясы өтті. Психолог, филолог, тарихшы, дәрігер, заңгер сияқты ғалымдар қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Қатысқандарыңызға рахмет!

Табиғат – тіршілік көзі, сондықтан да табиғатты қорғау – әр адамның борышы.

Табиғатты таза, көркем қалпында мәңгілікке сақтап қалу – адамның қолында. Олай болса, табиғат-ана тазалығын сақтай білейік!

IV. Кесте құру.

Мұғалім:

- Туған жердің табиғатын сақтау үшін біз не істей аламыз?

Өз ауылымның тазалығын сақтаймын.	Көгалдандыру.	Елбасы Жолдауын орындаймын.	Ауаны ластанудан қорғаймын.
Өз үйімнің айналасын таза ұстаймын.	«Жасыл ел» бағдарламасын қолдаймын.	Мектептің айналасын таза ұстаймын.	Үгіт-насихат жүргіземін.

V. Мұғалімнің қорытынды сөзі:

1. Батыс Қазақстан облысы орманы аз аймаққа жатады.

Орман – жасыл желегі мол, қоршаған ортаға таза оттегін бөлетін бірден-бір табиғи орта. 300 гектар Ордада болса, 500 гектар Январцев орманы.

2. Табиғат-Ана – біздің басты байлығымыз. Келешекте сендер де, барлығымыз да көз қарашығымыздай сақтап, ел игілігіне жұмсауымыз қажет.

V. Үйге тапсырма: «Жүз жылдық жара» әңгімесі. Табиғат-Ана – біздің басты байлығымыз (шығарма).

Бибігүл БАТЫРОВА,
Қ.И.Сәтбаев атындағы
жалпы орта білім беретін
мектеп мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Тасқала ауданы.

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВТЫҢ «БОЗТОРҒАЙЫ» МЕН «ОЙ» ӨЛЕҢДЕРІ

Сабақтың мақсаты: Сәбит Дөнентаев туралы мәлімет алу, өлеңдерінің мазмұны мен идеясын ұғындыру. **Міндеттері:** **білімділік** – екі өлеңдегі көркемдік шеберлік сырына тереңірек және жан-жақты үңілуге ерекше көңіл бөлу; **дамытушылық** – өлеңмен жазылған шығармаларды мәнерлеп оқу, талдау, ой-пікірлерін айта білуге, жұмыстарына баға беруге тәрбиелеу; **тәрбиелік** – ой-өрісін кеңейту, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту.

Көрнекілігі: Сәбит Дөнентаев портреті, шығармалары, слайд, бағалау парағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтастыру, талдау, суреттеу, РАФТ, Блум жүйесі. **Түрі:** жаңа сабақ. **Пәнаралық байланыс:** тарих, биология, өнер.

Сабақ барысы:

I Ұйымдастыру. Оқушыларды түгелдеп, сабаққа дайындығын тексеру.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

1-топ. С.Дөнентаевтың өмірі мен шығармашылығы.

2-топ. «Заман кімдікі» өлеңі.

3-топ. Ойтолғау.

III. Жаңа сабақ.

I. «Қызығушылықты ояту» кезеңі.

1. «Топтастыру» стратегиясы. С.Дөнентаев қай жылдары өмір сүрді? Ол туралы қандай деректер білесіңдер? Қай жерде туып өскен? Ұрпақтары бар ма? Атқарған қызметтері?

Сәбит – ақын, ұстаз, жазушы, аудармашы, қайраткер, суреткер, мысалшы, сатирик.

II. Мағынаны тану.

Сәбит Дөнентаевтың «Бозторғай» өлеңіндегі мағлұматтар қамтыла түсіндірілді. Сәбит Дөнентаев өлеңдерінің мазмұнын қалай түсінді, сол бойынша жұмыс жүргізіледі.

2. Бозторғайлар – торғайлар отрядына жататын сайрағыш құстар тұқымдасы. Жер шарында кең тараған. Қазақстанда 13 түрі бар. Бозторғайлар шөл, шөлейт және қиыршық тасты жазық далада, тау жайылымында, елді мекен маңында, кейде орман алаңында кездеседі. Дене тұрқы – 12-23 см. Қанаттары – ұзын, аяқтары қысқа. Артқы бармағында ұзын тырнағы бар. Әдетте, түсі –бозғылт, көбінесе, мекендеген жерінің түсіне қарай өзгеріп отырады. Оның қанатының ұзындығы – 8,5 – 14 см, салмағы – 30 – 48 г. Бозторғайлар – жыл құсы. Бозторғайлар өсімдік дәнімен және жәндіктермен қоректенеді. Арамшөптердің де дәнін жеп, ауыл шаруашылығына пайда келтіреді.

Жерұйық іздегенде: «Бұл елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін, шөбі шүйгін, суы мол қоныс. Онда жұрттың бәрі тең, бәрі де шат-шадыман тіршілік кешеді, ел аласы, ру таласы жоқ. Малға жай, елге ырыс осындай мекен барын ғайыптан болжап білген Асан қайғы енді сол жерді іздеп табу үшін желмаяға мініп,

төңіректің төрт бұрышын кезеді. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын тып-тыныш мамыражай ел екенсін», - депті.

Тақырыпқа тұздық:

а) ДӨНЕНТАЕВ СӘБИТ (1894–1933)

Қазіргі Павлодар облысында туған. Жас кезінде ескіше хат танып, кейін Павлодарда медреседе оқиды. Өзі мұғалім жалдап, орысша сауатын ашады. Сол кезде А.Құнанбаұлы мен Ғ.Тоқайдың өлеңдерімен танысады. 1913 жылы тұңғыш өлеңі («Қиялым») «Айқап» журналында басылады. 1915 жылы алғашқы өлеңдер жинағы «Уақ-түйек» деген атпен шығады. 1916 жылы патша жарлығына байланысты империалистік соғыс майданынан қашып, Екібастұз көмір кеніне барады. «Екібастұз» (1916) өлеңінде жұмысшы тұрмысының ауыр азабы суреттеледі. Майданға алынып, Рига маңында қара жұмыс істейді. 1917 жылғы ақпан буржуазиялық революциясынан кейін Семейдегі мұғалімдік курсқа түседі. 1919–1920 жж. ауылдағы ағарту, сот жұмысына араласады. 1924–1933 жж. Семейде шығатын «Қазақ тілі» газетінде қызмет істеді. Өлеңдер мен мақалалары осы газетте басылады. 1929 жылы Қазақ пролетар жазушыларының ассоциациясына (ҚазАПП) мүшелікке өтеді.

ә) Қосымша дерек:

Сәбит Дөнентаев — қазақ ақыны. Оның поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге, көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді. Ең алдымен, ақынның көптеген өлеңдерінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және сонымен бірге, бейнелі де көркем. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді.


Сәбит Дөнентаев – сатира жанрында айрықша тұлғаланған талант. Қазақ әдебиетіндегі фельетон, сықақ, әзіл-қалжың, мысал жанрының дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Ақынның балаларға арнаған өлеңдерін екі бағытта қарастыруға болады. Оның бірі - тікелей балалар әдебиетіне жататын туындылар болса, екінші бір тобында бала көзқарасымен қарай отырып, үлкен әлеуметтік мәселе көтереді. Осы орайда «Балалық», «Балалықты сағыну», «Ұры мен баласы» сынды өлеңдерін атап өтуге болады

Татар классигі Ғабдолла Тоқайдан аударған «Рамазан айында» деген сатиралық өлеңі мен «Калила мен Димнадан», «Бір көлдегі үш балық» мысалдары еркін аударманың озық үлгісіне жатады. Сондай-ақ «Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке», «Көк төбетке», «Сұңқар мен қарғалар», «Бозторғай», «У жеген қасқырға», тағы да басқа туындылары мысал жанрына кеп құйылған қомақты үлес.

С.Дөнентаев туралы не білдім?

I. Топтастыру.



II. Түсіну.



III. Талдау.

Өлең аты	Бунағы	Буыны	Шумағы	Ұйқасы	Бейнелі сөздер
С.Дөнентаев. «Бозторғай».	3	11-12	17	А, а, б, а Қара өлең ұйқасы.	Бүркіт – құс патшасы, лашын – хан, тұрымтай – төре, бөдене – аға, ішкі мұң.

IV. Суреттеу.

Болжау:	Дәлел	Қорытынды
1. С.Дөнентаев - туған жерін қызғыштай қорыған ақын.	«Досқа», «Жаз», «Балалық», «Балалықты сағыну», «Жастықта», «Шілде».	Туған жерін қазақтың меншігінде қалуы үшін күрескендерін жырлайды.
2. Сәбит – Абай образын жасаушы.	“Уақ-түйек” жинағы, “Абайға”.	Өзіне үлгі тұтқан – Абайдың ақындығын, адамгершілігін дәріптейді.

3. Сәбит – сыншыл да сыншыл ақын.	«Заман кімдікі?», «Менің жайым», «Ой», «Қыл», «Биік тау», «Екі теке».	Хан-сұлтандардың халыққа жасаған қиянатын бетке айтқан турашыл ақын
4. Сәбит – шебер суреткер. Бес жолды өлең: 1. Кім? Не? 2. Қандай? 3. Не істеді? 4. Сөйлем. 5. Синоним.	«Бозторғай», «Ыбылыс пен шайтан», «Ауырған арыстан», «Әр жан әр түрлі», т.б.	Теңеу, эпитет, метафораларды пайдалануы.

V. Шығармашылық тапсырма (РАФТ):

Р – рөл (оқушының өз ойын жазарда қай кейіпкердің рөліне енуі);

А- аудитория (кімдерге арналған);

Ф – форма (қандай түрде);

Т- тақырып (өзек болған мәселе).

«Түсіну» стратегиясы. 1-топ – «Бозторғай», 2-топ – «Ой».

Әр топтың оқушылары Сәбит өлеңдерін оқып, мазмұнын бір-біріне түсіндіреді. Сәбит өлеңдерінің өзектілігі неде? Халыққа адал қызмет ету, әр нәрсені оймен жүйелеп істеу, таптық көзқарастың болмауы, адамдардың бір-біріне зорлық көрсетпеуі, әлімжеттік жасамау.

3. «Талдау» стратегиясы (өлеңді құрылысына қарай талдау). «Бозторғай» өлеңі 3 бунақ, 11-12 буынды, а, а, б, а қара өлең ұйқасы, бейнелі сөздер: бүркіт – құс патшасы, лашын – хан, тұрымтай – төре, бөдене – аға, ішкі мұңын шаққанын, шақпағанын, жаны тыныш жатқанын-жатпағанын.

4. «Суреттеу» (Өлеңдерін болжау, дәлел, қорытындылау).

5. Шығармашылық жұмыс, РАФТ.

6. Блум жүйесі.

III. «Ойтолғау» кезеңі.

Білім – Өлең кейіпкерлерін атаңыз;

Кейіпкерлер не істеді?

Түсіну – Неге өлең осылай аталды?

Қолдану – Бозторғайдың мұңын неге бағаламады?

Анализ – Өлеңнің түйіні қай жерде?

Синтез – Бозторғайды басқа құстармен салыстырыңыз.

Бағалау – Бозторғай әрекеттерін бағалаңыз. Қосымша деректер айту.

IV. Қорытынды. Адам - өмірге қонақ. Мақсат – бүгінгі айтылған жаман қасиеттерден аулақ болып, қайырымды, адал өмір сүру.

V. Үйге тапсырма: Сәбит Дөнентаевтың 1. «Ой»өлеңін жаттау; 2. «Сәбит – ел бірлігін жырлаған ақын» тақырыбына шағын шығарма жазу; 3.Екі өлеңді салыстыру.

«Бағалау парағы» арқылы оқушылардың баға қорытындысы шығарылады.

Галия МҰҚЫШЕВА,
Алматы қаласындағы
№94 мектеп-гимназияның мұғалімі.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты мен міндеттері: а) Наурыз мейрамының шығу тарихы мен маңызы туралы

әңгімелеу; Наурыз мейрамы туралы өлең- тақпақтар айту; қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін көрсету; ә) оқушының ой-өрісін, тілін дамыту; б) қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін дәріптеуге, бағалауға тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабағы. **Көрнекілігі:** Наурыз мейрамына байланысты суреттер, ұлттық тағамдар, «тұсау кесу» және «бесікке салу» дәстүрлеріне байланысты керекті заттар (ала жіп, қайшы, шашу, бесік, т.б.), ұлттық киімдер, т.б.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру;

II. Сабақтың мақсат, міндеттерімен таныстыру.

1. Кіріспе сөз: - Құрметті оқушылар, біздің бүгінгі сабағымыз «Ұлыстың ұлы күні» – Наурыз мейрамына арналады. Наурыз мейрамы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрыпында ерекше орын алады. Бұл мейрам жыл сайын наурыз айының 22-сінде мерекеленеді. Яғни, бұл күні күн мен түн теңеледі. Жұрт жақсы киініп, наурыз көже ішіп, ән шырқап, күй шертіседі, әр түрлі ұлттық ойын - сауықтар өткізеді, т.б.

III. Сайыстың өткізілу ретімен таныстыру.

1-тапсырма. Наурыз мейрамының шығу тарихы, наурыз көженің маңызы туралы әңгімелеу, Наурыз мейрамы туралы тақпақтарды жатқа айту.

1-оқушы: - Наурыз – парсы сөзі, қазақша айтқанда, «Жаңа күн» деген ұғымды білдіреді. Бұл мейрам наурыз айының 22-сінен бастап тойланады. Бұл күн мен түннің теңеліп, қардың еріп, көктің шыға бастайтын кезі. Осы кезде мал төлдеп, шаруаның арқа-басы кеңіп, аққа ауызы тиген. Сондықтан Наурыз күнін ертедегі адамдар жаңа жылдың басы – «Ұлыстың ұлы күні» деп есептеп, зор қуанышпен қарсы алған.

2-оқушы: - Жұрт жақсы киініп, ауыл аралап, бірін-бірі жаңа жыл – наурызбен құттықтап, ақ бата беріскен. Батаны өлең, тақпақтар арқылы берген. Мысалы: Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын,
қайда барса, жол болсын!

Ұлыс бақты болсын,
төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін!

Бәле-жала жерге енсін! ... және т.б.

3-оқушы: - Бұрын ренжіскен адамдар болса, бір-бірлерін кешіріп, Наурыз мейрамында табысқан. Халықтың «Наурызда Самарханның көк тасы да жібиді» дейтіні сондықтан болса керек...

Екі топтың оқушылары Наурыз мейрамы туралы тақпақтарды жатқа айтады.

2-тапсырма: Қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы әңгімелеу.

Екі топтың оқушылары өздері дайындап әкелген ұлттық тағамдары туралы әңгімелеп береді.

1-оқушы қазақша ет асуды күлкіге айналдырып, мазақ қылған «бесбармақ» сөзінен әдейі қашып, оны «бастамақ», «еттөре» деп атауды жөн көретінін сөз етеді.

2-оқушы «жент» туралы баяндайды.

3-оқушы «наурыз көже» жайында тарихи сыр шертеді.

4-оқушы «бауырсақ» жырына қанықтырады.

5-оқушы «құрт» қызығын тамашалатады.

6-оқушы «шелпек» жөнінде тартымды әңгіме қозғайды.

3-тапсырма: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерінен үзінді көрсету.

I топтың оқушылары «тұсау кесу» дәстүрін көрсетеді.

II топтың оқушылары «бесікке салу» рәсімін үйретеді.

4-тапсырма: Өнер сайысы.

Мұнда I-топтың оқушылары би билейді, ал II-топтың оқушылары «Наурыз» өлеңін оқиды.

5-тапсырма. Мақал-мәтелдер сайысы.

Бұл қызықты шарада екі топтың оқушылары мақал-мәтелдерді жатқа айтудан жарысады.

6-тапсырма. Сұрақ-жауапта (Қай топтың оқушылары сұрақтарға көп жауап берсе, сол топқа көп ұпай қосылады):

1. Кимешекті кімдер киеді?
2. Зергерлік бұйымдарға нелер жатады?
3. Қазақ халқының қандай ұлттық киімдерін білесіңдер?
4. Қазақтың қыздары шаштарына не таққан?
5. Қазақ халқының қандай ұлттық музыкалық аспаптарын білесіңдер?
6. Беташар жыры қай кезде айтылады?
7. Сәукелені кім киеді?
8. Қазақ халқы зергерлік бұйымдарды неге көбінесе күмістен жасаған?
9. Қазақ халқының қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?
10. Киіз үй туралы не білеміз?

Бағалау кезеңі. Екі топтың оқушыларының жауаптарын бағалап, жеңген топты анықтау. Оқушылардың жауаптарының кем тұстары болса, оны толықтырып түсіндіреді.

Сабақты қорытындылау. Наурыз мейрамына байланысты жақсы тілектер айту.

Күнбала СЫҒАЕВА,
Алматы қаласындағы
Ораз Жандосов атындағы
№105 гимназияның мұғалімі,
Қазақстан Республикасының
білім беру ісінің үздігі.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҰЖЫМДЫҚ ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мемлекеттік тілдің бүкіл нәрін жас ұрпақтың бойына сіңіру – мұғалімдердің басты борышы, ұстаздардың қастерлі міндеті. Орыс сыныптарындағы қазақ тілінен сабақ беретін ұстаздық – қызықты да мехнаты мол мамандақ. Ауыр да жауапкершілігі зор кәсіпті таңдау кім көрінгеннің пешенесіне бұйырмаған.

Қашанда ата-аналар үшін баланың орыны бөлек, өмірдің сәні де, нәрі де – балада. Ата-анасы бала үшін бас ұстазы болса, ал ұстазы – екінші ата-анасы. Ендеше, ұрпақ тәрбиелеудің кілті – ұстазда. Білім марапатқа жету үшін емес, парасатқа жету үшін қажет. «Ойсыз оқу – бекер, оқусыз ой – қатер», - деп Конфуций айтқандай, білім мен тәрбие – егіз. Мемлекетіміздің ең негізгі тірегі – қазақ тілін қоғамдық өмірдің барлық саласында жан-жақты дамыту мәселесі бүгінде күн тәртібінде ерекше тұр. Мұны ешкім де теріске шығара алмайды. Сондықтан алдымен оқу-тәрбие бағдарламаларын мазмұнды да қызықты етіп жасау қолға алынып отыр. Ең бастысы, бұл бағдарламалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің

«Тіл туралы Заңды» іс жүзіне асыру жөніндегі қаулы-қарарларын орындауға бағытталған. Тіліміздің тағдыры – өзіміздің тағдырымыз. Оған салғырт қарау – өзгені емес, өзімізді сыйламау, құрметтемеу. Қазақ тілі мамандары – нағыз өз істерінің шеберлері болуы шарт. Тіл – қазынаң, тіл – тағдырың... Қазақ тілін үйрену мен үйретудің қиын екенін, оның маңыздылығын бүгінгі таңда өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында тілді үйренудің, үйретудің сан қилы тәсілдері мен әдістері қолданылып жатса, соның бәрі – қайткенде де тілді тез әрі сапалы игереміз деуден туған талап, талпыныс. Тілді меңгеру өздігінен орындала салатын оңай шаруа емес. Оған ұстаз бен оқушының екі жақты ықылас, ынтасы керек. Демек, тілді оп-оңай меңгере саламын деу – жаңсақ пікір. Менің әдіскер ретіндегі ойым, мектептің қазіргі кездегі оқу-тәрбие үрдісінде қазақ тіліне грамматикалық жаттығуларды жөнді-жөнсіз үйіп-төгумен емес, ең алдымен, сөйлеу дағдыларын меңгеруге, белгілі бір тақырыпқа диалогтар мен сұхбаттар құра білуге, қарапайым сөйлемдер құрастыруға жаттығу арқылы оқып-үйренуді көздейтін түбегейлі жаңа әдіс-тәсілдер қажет.

«Туған елім – тірегім, Ана тілім – жүрегім» атты кәсіптік ұстаныммен жұмыс істеудемін. Қазақстан халықтарының достығы мен ел бірлігін нығайту үшін әр азамат мемлекеттік тілді жетік меңгеруі тиіс. Елбасымыздың «Қазақстан – 2030» бағдарламасында жастарға қойған 7 талабына сай XXI ғасырдың жеке тұлғаларын тәрбиелеу – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің негізгі міндеті. Әр оқушыны объекті деп қарамай, субъект деп қарау

қажет. Өйткені олардың әрқайсысы – жеке тұлға. Бәлкім, алдымызда отырған шәкірт болашақ президент, ғалым, ғарышкер, сіздің орыныңызды басатын атақты ұстаз болуы мүмкін. Әр оқушының мемлекеттік тілді меңгеруіне зор сеніммен қарауымыз керек.

Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және оларды жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасап, жеке тұлға қалыптастыру. Ол үшін қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын терең меңгеру керек. Жаңа технологиядағы педагогиканың негізгі қағидалары: баланы ізгілік тұрғысынан қорғау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі, баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың танымдық және шығармашылық икемдігін жетілдіру, әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу, оқу үрдісін оқушының сезінуі. Дәстүрлі сабақта инновациялық тәсілдерді қолдану оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытудың бірден-бір тиімдісі болып табылады. Жалпы дәстүрлі сабақ оқушылардың жеке басының, ұжымдық шығармашылық көзқарасын қалыптастыруда өз шегінен шығармайды. Бұл жағдайда айта кеткен жөн, сыныпта зерек балалармен қатар шығармашылық жұмыс істеуге үйренбеген оқушылар да кездеседі. Дәстүрлі сабақты түсіндіргеннен кейін, олар өзді-өзімен қалып, жұмысты әрі қарай өз бетінше жасауға үйренбегендіктен уақытты бос өткізеді. Олардың жұмысы не мұғалімді, не өздерін қанағаттандырмайды. Мұндай жағдайды өзгертуге маған және менің оқушыларыма топпен және жұппен жұмыс істеу көп көмегін тигізді. Топқа әр түрлі деңгейдегі оқушыларды

біріктіремін. Олардың ішінде біреуі жақсы ой айта алатын, біреуі топтағыларды ойға жетелейтін, ал біреуі тек тындап, көріп, есіне сақтайтындар. Топтағы оқушылар бірігіп оқу материалын қарайды, берілген тапсырманы бір-біріне түсіндіреді. Тәжірибеде кездесіп жүргендей, осындай жұмыстардан кейін оқушы міндетті түрде оқығанын әңгімелей алады не мазмұны шағын шығарма, әңгіме жазады. Әрине, мұндай жұмыстарды жүргізуде алдын ала оқушының тілін дамытатын жұмыстарды, тақырыптарды таңдай білген жөн. Салауатты өмір салтын қолдана отырып, оқушылардың жеке қабілеттерін арттыру, тәрбиелеу керек. Қазір біз жақсы нәтижеге жету үшін жаңа технологияларды пайдаланып жұмыс істейміз. Бұлар – оқытуды қарым-қатынас негізіндегі Ефим Израилевич Пассовтың бөгде тілді үйрету технологиясы, қазақ тілді оқытудың морфологиялық сатысында қарым-қатынастық ойындарды қолданудың технологиясы педагогика ғылымдарының кандидаты Валентина Тихомированың құрастыруымен болған. Бұл ойындар ұялшақтықты, қорқыныш пен жалығушылықты жоюға көмектеседі. Мұнда қарым-қатынастық ойындардың дәстүрлі емес технологиясы – Александр Григорьевич Ривиннің және Виталий Кузьмич Дьяченконың топтық технологиясының мәні мен маңызы жатыр. А.Г.Ривиннің әдістемесі жұмыстық-ауысымдық құрамда, мәтінді азат жолдан оқытуды көздейді, бұл мынадай маңызды шеберлікті қалыптастыруға көмектеседі. Мәтіннің мазмұны шағын, мағынасы бір-біріне жақын болғаны дұрыс немесе оқулықты да пайдалануға болады. Әр азат жолға ат қою, шағын жоспар құру, түсінгенін әңгімелеп беру: 1. Басқаны үйрету үшін өз ойын,

білімін мазмұндауды, 2. Хабарламаны таңдау, түсіну, істің мәніне жету, сұрақтар қоюды, 3. Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалай алу дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

А.Г.Ривиннің әдісі негізінен 4 кезең бойынша жүзеге асады: 1. Тапсырманы дайындау кезеңі. 2. Тапсырманы екінші оқушыға түсіндіру кезеңі. 3. Өз бетінше жаттығу жазу кезеңі. 4. Ұжымдық жұмыс кезеңі – бірін-бірі оқыту, үйрету, түсіндіру, айту кезеңі. А.Г.Ривиннің ұжымдық оқыту технологиясы – оқушылардың мемлекеттік тілде сөйлеуіне, қарым-қатынас жасауына ыңғайлы да қолайлы әдістердің бірі. Оқушылар жаңа, қиын сөздермен, сөз тіркестерімен танысып, оқып, естеріне сақтайды, сөздік дәптерлеріне жазады. Мәтінді толық оқып, мұғалім топтарға, бөліктерге бөліп береді, оқушылар мәтіннің мазмұнымен топ болып танысады, оқиды, аударады, есте сақтайды, мазмұнын айтуға дайындалады, дағдыланады, мәтінге тақырып қояды, мәтін бойынша сұрақтар дайындайды, мәтіннің мазмұнына байланысты өздері білетін мақал-мәтелдерді теріп жазады, айтады, орысшаға аударады, сол тақырыпқа байланысты білетін өлең, ән, жырларын жатқа айтады, сөйлем ойлап жазады. Топта 6-7 баладан болғанда, тақырыптың мазмұнына қарай бірде-бір бала жаңа сабақта сұраусыз қалмайды, әрқайсысы жауап береді, сондықтан бұл әдістің тиімділігі өте зор. Оқушылар арасында сабаққа деген қызығушылық, топ арасында жарыс болып, ынталары артады. Бірін-бірі үйрету, бір-біріне көмектесу арқылы қазақша сөйлеуге жаттығып, төселеді, үйренеді. 7 «А», 7 «В» сыныптар арасында бұл әдіс бойынша сабақ жиі өткізілді, өйткені

бұл сыныптардың бұл әдіске қызығушылықтары басым. 7 «В» сыныбында 14 оқушы, ал 7 «А» сыныбында 15 оқушы бар. Осы оқушылардан сауалнама алынып, бұл әдістің несімен ұнайтындығын білгенде, оқушылардың сабақты топ болып, бірлесе оқып, бір-біріне көмектесу арқылы нәтижелі болатындығын, сабаққа деген қызығушылықтарының артқандықтарын 29 оқушының бәрі жазды. 7 «А» сыныбында сабаққа дайындалмайтын Айверди Салиф пен Лещинский Герман да достарымен бірге, олардың көмегінің арқасында жауап бергендігіне өз құрбылары таңғалып, қуанып, әзілдесіп жатты. Ұжымдық оқыту әдісі оқушының ой-өрісін, сөйлеу тілін дамытады, әсері өте мол.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда бұл әдіс – өте тиімді. Сондықтан қазақ тілі сабағында мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосамын деген ұстазға пайдасы өте ұшан - теңіз.

7-сыныптарда «Наурыз – жыл басы», «Абай – поэзияның пайғамбары» атты ұжымдық оқу технологиясы бойынша өткізілген сабақтардың нәтижесі бойынша оқушының білім дәрежесін бақылап, білгенін, түйгенін, өз білімін ұштағанын, сөз байлығының молайғандығына көзім жетті. Бұл сабақтар тек қана бір жақты емес, жан-жақты, пәнаралық байланыс, өнер, тарих, жағрафия, әдебиет, табиғатпен байланыстырыла іске асты. Бұл әдісті үнемі сабақтың мазмұнына қарай қолданса, берер нәтижесі мол. Бұған менің өз тәжірибемде көзім жетті. Тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуде елбасымыздың «Қазақстан – 2030» жолдауында жастарға қойған жеті талабын: 1. Білімді болу; 2. Жұртпен тіл табыса білу; 3. Жігерлі болу; 4. Өз ойын қазақша дамытып, сөйлей алатын, қазақша білетін

азамат болуға; 5. Ойшыл болу, жаңа технологияларды ойлап шығару, жаңа идеяларды таба білу; 6. Еңбекті сүю парыз, еңбектің шын мағынасында алғанда құлы болу керектігін үйрету, ұғындыру; 7. Кәсіпті меңгеріп, біліктіліктің шыңына шығу керек екендігін үйрету, сезіндіру, баулу мәселелерін іс жүзіне асыру – бәрімізге ортақ басты мақсат-мұрат. «Мемлекеттік тілді игеру – әрбір азаматтың ізгілікті борышы екенін әрдайым айтып, түсіндіріп отырған тиімді. Жоғарыда айтылған талаптарды іс жүзіне асыру – қазақ тілі мұғалімімін деген әрбір ұстаздың басты қағидасы. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тілі, Елтаңбасы, Туы, Әнұраны, өзінің ұлттық теңгесі бар іргелі ел екендігін сезіндіру, «тәуелсіз Қазақстанның болашақ ұрпақтары кім?» деген сұраққа – «Біз» деп мектеп бітіруші шәкіртке үйрету – қазақ тілі ұстаздарының парызы, қасиетті борышы. Мектеп бітіруші шәкірт болмысы – дара тұлға – менің ойымша, өз ойын қазақша айта білетін, жаны сұлу, дені сау, өзіне-өзі қызмет көрсете алатын, барлық тілді меңгерген, Отанын сүйетін азамат болуы қажет. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген асыл ойды Нұрсұлтан Әбішұлы көрегендігінен айтқан. Біздің қазынамыз – қазақ тіліміз. Тіліміздің мәнін, қасиетін жоғалтпайық! Қасиетін кетірмей, шұбарламай, таза қазақша сөйлейік, сөйлесейік, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. «Қазақстан – 2030», 2006 .
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. № 3, 2003 .
3. Қазақ тілі (әдістеме) журналы. №3, 2008 .

Гүлмира ҮСПЖАНҚЫЗЫ,
Арнайы санаториялық үлгідегі
№15 мектеп-интернатының тәрбиешісі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

ЖЕЛТОҚСАНДА ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТТЫ

Тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа баулу, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, өз елінің тарихындағы ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін ұғындыру.

Мұғалім: - Балалар, еліміздің тәуелсіздігінің 22 жылдығына орай «Желтоқсанда тәуелсіздік таңы атты» тақырыбында ашық тәрбие сағатын бастаймыз.

ҚР әнұраны орындалады.

Аружан: - Туған халқымыз тәуелсіздік алды. Тарихымыздың беттеріне 1991 жыл алтын әріптермен жазылды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы заң Жоғарғы Кеңес сессиясында көпшілік дауыспен бекітілді.

Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Желтоқсан көтерілісінің арқасында 1991 жылы еліміз өз алдына егемендік алып, тұңғыш тәуелсіз мемлекет дүниеге келді.

Дания: - 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі – ХХ ғасырдағы айтулы оқиға. Қазақтың санасын сілкіндірген айтулы дүрбелең – жылдар бойы арман еткен тәуелсіздіктің қайнар көзі болды. Сол желтоқсан оқиғасы қаншама ызғарлы естілсе де, жанымызға нұр септі. Мәңгілік егемендікті алып келгенінің арқасында дүние жүзіне танымал болдық. Желтоқсан бастауы – ғасырлар қойнауынан жалғасып келе

жатқан ұлы тарихтың бір белесі.

Амина:

- Желтоқсанның желі аязды, ызғарлы,
Қанды мұзда талай қазақ сыздады.
Ұлт қамы үшш шыққан сонда алаңға
Азап шекті қайсар қазақ қыздары.

Талай қазақ қыздарын да тондыра,
Талай қазақ гүлдерін де солдыра,
Ел билеуге алып келді Колбинды
Қазақ ұлы Қонаевтың орнына.

Егемендік – бұл елімнің елдігі,
Егемендік – барлық ұлттың теңдігі.
Егемендік – елін, жерін қорғаған
Ербол менен Қайраттардың ерлігі!

Айжан:

- Желтоқсанның мұзға жанған алауы,
Қайсар рухты ұл-қыздардың қалауы.
Сағым болып ерліктерге шақырды
Көз ұшында тәуелсіз ел жалауы.

Күн шыққанда түнерген бұлт астынан,
Қанат қақты қиялдарға жас қыран.
Шықты алаңға бейбіт шеру жасауға
«Туған жерім, Қазақстан!» боп басты ұран.

Мұз жастанып, ұрды, соқты, сабады,
«Ұлтшылдар» деп түрмелерге қамады.
Ерліктерін батырлардың кешегі
Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбиралар жалғады.

Жұлдыз:

- Кетпес мәңгі көңілден,
Қырдың гүлі – Қырмызы.
Ағып түскен көгімнен
Желтоқсанның жұлдызы – Ләззат пенен Сәбира!
Булықтың да бұлқындың,
Жанды қарып ызғары.
Қара ормандай жұртымның
Қайсар туған қыздары. – Ләззат пенен Сәбира!

Дидар:

- Желтоқсанның бораны,
Желтоқсанның қар мұзы.
Ұмытылған жоқ әлі
Әр үйдің бір-бір жалғызы!
Шығар шақта қайраннан
Атқа қону – ар ісі.
Қайран елдің қайралған
Қасиетті намысы!

Назерке:

- Қасқалдақ ұшып көлінен,
Шүрегей келіп қонған күн.
Қыранды қуып көгінен,
Қарғалар билік алған күн.
Нашақор деп, ұлтшыл деп
Қазаққа күйе жаққан күн.
Қақаған күннің ызғары
Сүйектен өтіп кеткен күн.
Қара көз қазақ қыздарын
Омондар бастан тепкен күн.
Озбырлық күшпен тұншығып,
Үміттің оты өшкен күн.
Жанына таппай бір дауа,
Ер Қайрат қыршын кеткен күн!

Мұғалім: - Балалар, желтоқсанда қыршын кеткен Қайрат, Ләззат, Сәбира, Ербол, т.б боздақтарды еске түсіріп, бір минуттық үнсіздік жариялаймыз.

Ән: «Желтоқсан желі».

Аружан: - Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет болды. Біз өзіміздің рәміздерімізбен мақтанамыз. Қазақстан туымен тұғырлы, елтанбасымен еңселі, әнұранымен айбатты. Мен қазақ болып туғаным, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқанымға қуанамын. Өйткені мен тәуелсіз елдің еркін ұланымын.

Абылай: - Жұпар шашқан гүлімнің
Жаңа ашылған күні бұл!
Менің ана тілімнің

Бағы ашылған күні бұл!

Иманғали: - Алты алаштың баласы
Қауымдасқан күні бұл!
Бір-бірімен жарасып,
Бауырласқан күні бұл!

Нұрмұхамет: - Көк туымнан нәр алдым,
Сол қыранға сыңармын.
Ерікті елдің еншісі –
Еркіндігі қыранның
Ұланымыш халқымның,
Ұлы істерге талпындым.
Тыныштықтың деміндей
Туымдағы алтын күн!

Би: «Битыл».

Аяулым: - Ақжайық, Алтай арасы –
Қазақтың шалқар даласы,
Республикама қарашы!
Жерінің дәні маржандай,
Қырманы асқар таулардай,
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан,
Жарқырар кені тастардан,
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын үдеген,
Өндері көкті тіреген,
Республикама қарашы!

Нұржан: - Тәуелсіз ел, қараймын да, тамсанам,
Жылдарды осы ата бабам аңсаған.
Көрген ұрпақ бірімін мен, сондықтан
«Бақыттымын» деп айқайлап жар салам!

Иманғали: - Тәуелсіздік туындай биік еңсең,
Кетті бүгін келмеске тәуелділік.
Қуан қазақ, күн туды қуанатын,
Төрт түліктен майысып арқа, белдер,
Тойлап жатыр ой, қырда дархан елдер.
Танып жатыр, мойындап қазақ елін
Танығысы келмейтін тарпаң елдер,

Гүлмира АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Арнайы санаториялық үлгідегі
№15 мектеп-интернат тәрбиешісі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

Қуан қазақ, күн туды қуанатын!
Нұрмұхамет: - Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.
Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым өмірге, қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім!

(Жұбан Молдағалиев).

Аружан: - Тәуелсіздік атып көкке телпегін,
Шаттанған жоқ, мақтанған жоқ ел тегін!
Қазағымның нар тұлғасын сомдайын,
Өткенін де, бүгінін де, ертеңін!

Назерке: - Ән кернеген жүрегің,
Күй кернеген тірегің,
Сары алтындай сүйемін
Қазақстан – жыр елін!

Ән: «Қазақстан».

Иманғали: - Ата-бабам арман еткен –
Егеменді қазақ жерім.
Қуанышың көптен күткен,
Құтты болсын дархан елім!

Тәуелсіздік мәңгілікке сақталсын,
Алдымызда барлық үміт ақталсын!
Тату-тәтті бірлік болып қашан да,
Бейбіт өмір жер бетінде шаттансын!

Аружан: - Қымбат маған жұлдызды түніменен,
Қымбат маған нұр шашқан күніменен!
Шын жүректен жырлап біз құттықтаймыз
Елімізді тәуелсіздік күніменен!

Желтоқсан оқиғасына – 27 жыл.

Еліміздің тәуелсіздігіне – 22 жыл.

Мұғалім: - Тәуелсіз мемлекетіміз гүлденіп, көркейе
берсін. Елтаңбамыз ажарлы, әнұранымыз әуенді, көгілдір
туымыз көкте қалықтап, желбірей берсін!

ӘДЕПТІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ

Тәрбие сағатының мақсаты: балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазылған плакаттар, тірек сызбалар.

Тәрбиеші: - Бүгінгі тәрбие сағатымыз – әдептілік тақырыбында. Әдептілік – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынасының, жүріс-тұрысының ережесі. Осы әдептілік ережесін сақтау – біздің міндетіміз. «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан!» деп Абай атамыз айтқандай, кішіге мейірімді, досына қайырымды, еңбексүйгіш, шыншыл да қамқор болсаң, өсе келе ата-анаңның, Отаныңның мақтанышы боласың. Адам болатын бала – барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез, жаман әдеттерден аулақ болуға тырысуы керек. Ендеше, әдепті, ақылды балалардың қандай болуы керек екенін мына өздерінен тыңдайық.

Тәрбиеші:

- Білер қазақ баласы,
Сәлем – сөздің анасы.
Алдымызда кезіккен
Көп танысты көреміз.
Бәріне де ізетпен

Біздер сәлем береміз.

Жасұлан:

- Сәлеметсіз бе, ағай!- деп,
Сәлеметсіз бе, апай!-деп,
Есенсіз бе, әжей!- деп,
Амансыз ба, атай!- деп
Ұл-қыз сәлем береміз,
Өнегелі өренбіз!

Медина:

- Ата-ананың тілегі –
Адам болып өскенің.
Адамдықтың тірегі –
Адал болып өскенің.
Әдептілік дегенің –
Әрқашанда керегің.
Әсемпаздық дегенің –
Әуре салар әлегің.

Жасұлан:

- Тәртіпті бала – сүйеніш,
Төбең бір көкке жетеді.
Ұрыншақ бала жанында –
Ұрыс пен керіс, айқай-шу.
Ұстамды бала маңынан
Ұнамды қылық байқайсың.

Әйгерім: - Кім үлкенді сыйласа,
Кім үлкенді тындаса,
Үлкен болған кезінде,
Сыйлы болмақ өзі де.

Гүлнұр: - Сыйла үлкен кісіні,
Қамқорлыққа ал кішіні.
Сақтап көше тәртібін,
Бағдаршамның ал тілін.
Әдет қыл бұл ісінді,
Тазалап жүр тісінді.

5-оқушы: - Қарсы ал ерте күн көзін,
Төсегінді жина өзін.

Асықпай іш тамақты,
Жалама аяқ-табақты.

6-оқушы: - Пышақты ұста оң қолмен,
Шанышқыны сол қолмен.
Нанды үгітпе, қадірле,
Қабығымен бәрін же.
Саусағыңды сормағын,
Салдыр-салақ болмағын.

7-оқушы: - Сыйлап сәлем беремін
Көршілерді көргенде.
Ізетпен бас иемін
Үйге қонақ келгенде.
Әдепсіз деп сөкпесін,
Анама айтып өкпесін,

8-оқушы: - Атам маған қашан да
Кішіпейіл бол деген.
Ата сөзі – санамда,
Мақтанбауды жөн көрем.

9-оқушы: - Өзгелерден өзімді
Санамаймын жоғары.
Артық айтып сөзімді,
Желпінгенім жоқ әлі.

10-оқушы: - Атам маған қашан да
Әділетті бол деген.
Ата сөзі – санамда,
Жүрем тура жолменен.

11-оқушы: - Қалдыратын ұятқа
Жалған сөзге төзбеймін.
Жеткізетін мұратқа
Тек шындықты көздеймін.

Тәрбиеші: - Ал, балалар, тақтаға назар аударып, Әдептілік ережені толықтырайық.

1-сұрақ: Үйде, мектепте, көшеде айтылатын сөзің
(Сәлем, Сәлеметсіз бе, Қайырлы күн, Рахмет,
Көмектесейін, Кешіріңіз).

Сонымен, «Не деу керек?», қай жерде, осыған көңіл бөлейік.

Медина:

- Бақшамызға барғанда,
Жолыққан бар жандарға
Ертемен ақ пейілмен:
- Қайырлы таң!»– деймін мен.
Күндіз де елді елеймін,
«Қайырлы күн!» тілеймін.
Үйге кешке келемін,
Не дерімді білемін,
«Кеш жарық!» деп кіремін.

Гүлнұр:

- Апаң сенің базардан
Алма сатып әкелді.
Ен үлкенін, жақсысын
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек?
«Рахмет, апа!» деу керек.

Әйгерім:

- Балалар жүр көшеде,
Естіледі шу-айқай.
Сен де шықтың, көршіңді
Қағып кеттің байқамай.
Мұндайда не деу керек?
«Кешіріңіз» деу керек.

Алмас:

- Осы келген бетінде
Допты қудық, жарыстық.
Көшенің сол шетінде
Кезікті бір танысың.
Ұмыттың сен не деуді?
«Сәлеметсіз бе?» деуді.

Еркеназ:

- Үй артында қоқысты
Жатқан көптен үйіліп

Тазалайды қарт кісі

Белі зорға иіліп.

Не дегенің жөн еді?

«Көмектесейін» деу керек.

«Жалғастыр» ойыны: «Не істеуге болмайды?» деген сөзді тәрбиеші айтады, оқушылар әрі қарай өздері жалғастырады:

1. Үлкендердің алдын – (кесіп өтуге болмайды). 2. Кішкене баланы – (ұруға болмайды). 3. Құстарды – (атуға, ұясын бұзуға болмайды). Қыз баланы – (ренжітуге), сабақта – (шулауға), үйге жүгіріп – (кіруге), оқу-құралдарын – (жыртуға, сындыруға), сыныпта (айқайлауға, жүгіруге) болмайды.

Не істеу керек? *Үлкендерді сыйлау керек; Ата-аналардың тілін алу керек; Тәртіпті болу керек; Оқу құралдарын күтіп, таза ұстау керек; Сабақты жақсы оқу керек.*

Тәрбиеші: - Ал, енді, балалар, кезекті мақал-мәтелдерге берейік. «Жақсыдан – үйрен, Жаманнан – жирен» деген мақалды қалай түсінесіңдер?

Оқушылар хормен: «Аулақ жүріп жаман қылық, әдеттен, Үйренеміз жақсы мінез, әдептен».

Әдептілік жайлы мақал-мәтелдер айту:

1. Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала.
2. Әдептілік белгісі –
Иіліп сәлем бергені.
3. Ашу – дұшпан, ақыл – дос,
Ақылыңа ақыл қос.
4. Сіз деген – әдеп,
Біз деген – көмек.
5. Ұлық болсаң – кішік бол.
6. Кішіден – ізет, үлкеннен – құрмет.
7. Әдепті бала ата-анасын мақтатар,
Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар.
8. Жақсы адам – ай мен күндей, Әлемге бірдей.
9. Әдепті бала кездесе, сәлем берер бас иіп;

Әдепсіз бала жолықса, өте шығар кекиіп.

Сұрақ-жауап: «Сен – маған, мен – саған»: 1. Мектептен үйге қарай жүгіріп келе жатқаныңда алдыңнан бір үлкен кісі шықты. Сен не істер едің? 2. Өзіңнен үлкен кісілер әңгімелесіп отырған кезде сен не істеуің керек? 3. Үлкен кісілермен қалай сөйлесу керек? 4. Үйге қонақ келгенде бала не істеу керек? 5. Әдептілікті бізге кім үйретеді?

Тәрбиеші: - «Әдеп» деп, «әдептілік» деп қандай мінез бен іс-әрекетті айтамыз?

1-оқушы: - Әдептілік деп үлкенді сыйлауды, достарды, айналадағы адамдарды құрметтеуді айтамыз. Әдепті адам басқадан сыйласым күтпей-ақ алдымен өзі басқаны құрметтеп, ардақтай біледі, көпшілікке өзінің әдептілігін көрсетеді.

2-оқушы: - Сонымен, әдептілік дегеніміз әдеп, ізет, инабат, сыйласым, құрмет, қамқорлық деген сөздерді білдіреді екен. Тағы да бір айтатын жағдай: бір-бірімізге кешірімді болу керек, ол да – әдептілік. Кейде кешірмейтін мінез-құлықтар да болады. Ондай теріс мінезді тезге салып, тез түзеу керек.

Жас-кәріге сіз деген

Жақсы үлгі іздеген.

Дос боламыз біз деген

Ізетті ұл мен қызбенен.

Көрініс: Екі дос.

Тәрбиеші: - Ал, енді, балалар, «Не жаман? Не жақсы» сауалдарына жауап беретін қасиеттерді санамақ арқылы білдірейік.

Ару: - Біріншіден, не жаман?

Беті қолын кір-кір ғып,

Берекесіз ыржақтап,

Ерке боп өссең, сол – жаман.

Біріншіден, не жақсы?

Биязы мінез тіл алғыш,

Бал-бұл жанып жүретін

Әдепті бала, сол – жақсы.

Мөлдір: - Екіншіден, не жаман?

Екіленіп, ерігіп,

Ессізденіп, желігіп,

Ерке боп өссең, сол – жаман.

Екіншіден, не жақсы?

Ерте жатып, мезгілмен

Ерте тұрып төсектен,

Ерінбей жисаң, сол – жақсы.

Медет: - Үшіншіден, не жаман?

Ұшып-қонып жүретін,

Шегірткедей жеңілтек,

Ұшқалақ болсаң, сол – жаман.

Үшіншіден, не жақсы?

Үйдің ішін тазалап,

Үстіңе де қарайлап,

Үлгере алсаң, сол – жақсы.

Сая: - Төртіншіден, не жаман?

Төменде тұрып өздерің,

Төбеде тұрған алмаға

Талассаңдар, сол- жаман.

Төртіншіден, не жақсы?

Тал шыбықтай таңертең

Тартылып кеп ойнасаң,

Тамаша әдет, сол – жақсы.

Олжас: - Бесіншіден, не жаман?

Бар кітабың шашылып,

Берілген сабақ оқылмай,

Екілік алсаң, сол – жаман.

Бесіншіден, не жақсы?

Былдырламай көбірек,

Байыпты да байқағыш

Бала болсаң, сол – жақсы.

Арайлым: - Алтыншыдан, не жаман?

Ата-ананың ақылын

Ала білмей кезінде,

Жетесіз болсаң, сол – жаман.

Алтыншыдан, не жақсы?
Ашу деген бәледен
Алшақ жүріп, жанаспай
Ақылды болсаң, сол – жақсы.
Әсет: - Жетіншіден, не жаман?
Жиіркенішті әдеттен
Жирене білмей кезінде,
Жетесіз болсаң, сол – жаман.
Жетіншіден, не жақсы?
Жауқазындай жайраңдап,
Жұрт ісіне қайран қап
Жатса, шіркін, сол – жақсы.
Гүлнұр: - Сегізіншіден, не жаман?
Соқтықпай күнде ойнайтын,
Серік таппай қиналып,
Сергелдең болсаң, сол – жаман.
Сегізіншіден, не жақсы?
Саспай жастай жайраңдап,
Сүйсең бәрін беріліп,
Құр жүргеннен, сол – жақсы.
Арай: - Тоғызыншыдан, не жаман?
Топ ішінде мақтанып,
Төбелесіп жұртпенен,
Таяқ жесең, сол – жаман.
Тоғызыншыдан, не жақсы?
Тәтті досқа сөз беріп,
Танып жүрмей артынан,
Табанды болсаң, сол – жақсы.
Еркеназ: - Оныншыдан, не жаман?
Ойын қуып жасында,
Оқусыз өтсен, балақай,
Бәрінен де сол – жаман.
Оныншыдан, не жақсы?
Ойлап істеп ісінді,
Озып шықсаң ортадан,
Бәрінен де сол – жақсы!

Сұрақ-жауап:
Сыйлап үлкен ағаны
Сәлем берген баланы
Кім дейміз? **Әдепті екен бұл дейміз.**
Кітап, дәптер, қаламы
Кір шалмаған баланы
Кім дейміз? **Ұқыпты екен бұл дейміз.**
Таудай биік талабы
Жақсы оқитын баланы
Кім дейміз? **Үлгілі екен бұл дейміз.**
Сабақ айта білмеген,
Шақырмасаң жүрмеген,
Кітап бетін ашпайтын
Баланы сен кім дер ең? **Жалқау бала.**
Кітап түбі қырқылған,
Күнделігі жыртылған,
Сабаққа да самарқау
Қандай бала бұл бала? **Салақ бала.**
Әдептілік сөзін топтастыру.
Тәрбиеші: - Балалар, бүгін біз сіздермен әдептілік жайлы білдік. Әр адам өзін, қай жерде болмасын, тәртіпті ұстап, әдепті де әдемі сөйлей білуі керек екен. Әдепті адам жамандықты жақсылыққа баурап, өзінің ақылдылығын таныта білуі тиіс. Сонымен бүгінгі «Әдептілік – асыл қасиет» атты тәрбие сағатымызды қорытсақ, ұлы Абай атамыздың айтқан сөздерімен түйіндесек, «Бес нәрсеге асық болған, бес нәрседен қашық болған» жөн. Атап айтсақ,
Медина: Білім
Ынта қойсақ ғылымға,
Сәуле құяр санаға.
Өмір мәнін ұғын да,
Өзінді-өзің бағала.
Оқу керек ол үшін
Бала кезден басың жас.
Білім алу – борышың,
Онсыз көзің ашылмас.

Ару: Өнер

Өнер қу да ерінбе,
Оған жетсең ғажап-ақ.
Қор болмайды, тегінде,
Өнері бар азамат,
Болса ынта, талпыныс.
Құр қалады көп істен
Жатқан адам жан тыныш.

Гүлнұр: Талап

Арманына жетеді
Кімде болса талпынған.
Биікке өрлеп кетеді
Талаптылар шарқ ұрған.
Талаптылар қайда да
Бөленеді құрметке.
Талапсыздар жай ғана
Еріп жүрер дүрмекке.

Мөлдір: Еңбек

Өнер-білім, табыстың –
Еңбек қана бастауы.
Ар-ұждан мен намыстың –
Арамтамақ қас жауы.
Үміт, мақсат, арманың,
Досы еңбек деседі.
Еңбек құмар жандардың
Мәртебесі өседі.

Еркеназ: Қанағат

Қанағат бар арлыда,
Бір қарынды тойғызған.
Қанағатсыз жарлыға
Жалғыз атын сойдырған.
Көз дегенің тоймайды,
Мұның арты – жаман-ақ.
Жақындатпа ондайды,
Болсын әр кез қанағат.

Жасұлан: Өтірік

Жаман нәрсе – өтірік,
Алдап кету «Иә» деп.
Өсек айту көпіріп,
Одан да асқан қиямет.
Ауызбенен ондайлар
Орақты да орады.
Сене көрме сондайға,
Түбі шикі болады.

Әйгерім: Өсек

Айыратын қас бөліп
Достарыңды сүйкімді.
Маңайлатпа сақ болып
Өсек деген итіңді.
У шашатын зәр тілді
Өсек те бір – әзәзіл.
Шағыстырмай әркімді,
Таза сөйлеп, таза жүр!

Медет: Мақтаншақ

Үшінші дерт – мақтаншақ,
Бар өнері – ішінде.
Осы бастан сақтансаң,
Қор болмайсың түбінде.

Әсет: Жалқау

Төртіншіден – жалқаулық,
Ерінгеннен ертең деп,
Еңбек етпей әр тәулік
Бос сенделер селтендеп.

Арай: Қызғаншақ

Досқа жауып жаланы,
Жүрегіне ызғар сап
Жүретұғын баланы
Деп айтады Қызғаншақ.
Қызғаншақпен килігіп
Достарыңды даттама.
Жаса қайта игілік,
Жетістігін мақта да.

**Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА,
Б.Момышұлы атындағы
жалпы орта мектептің мұғалімі.**
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас кенті.

АНАҒА ҚҰРМЕТ

Күлімдеген көзіңнен
Күн мейірімі сезілген.

Бұл жалғанда балаға

Жақын жан жоқ өзіңнен! Ә.Дүйсенбиев.

Ана ! Бұл – құдіретті де, қасиетті сөз. Ана деген сөздің өзінен мейірім шуағы төгіліп тұрғандай. Ана – шексіз ұғым. Ол тілменен жеткізе алмайтын, терең мағыналы есім. Дүниеде ана мейірімінен, ақылынан артық не бар?! Кіршіксіз таза көңілі мен ыстық ықыласы мың жылға созыла беретіндей көрінеді ...

Ана – жүрек , ана – тірек, тіректі құрметтеу керек. Ана – биіктердің шыңы, алыптардың алыбы.. Ана өзіне арналған құрметтің бәріне де лайық...

«Әке – асқар тау, ана – етегіндегі бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Әкенің орыны биік болса да, анасыз бала өзін бақытты сезінбейді, анасын іздейді. Себебі ана мен баланың тамыры бірге соғады. «Анаңды Меккеге үш рет жаяу арқалап апарсаң да, парызыңды өтей алмайсың» дейді. Бұл деген – әр перзенттің ана алдындағы міндеті, жауапкершілігі. Ана алдында бәріміз – кішіміз де

баламыз. Әлемге әйгілі Әмір Темірдің өзі де ана алдында кішірейіп, бас иіп, тағзым еткен.

Ана – бар мұратын отбасының игілігіне жұмсаған әлемдегі ізгі адам. Ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы.

Ана – шың , шыңға сағынып жету керек, ана – күн , мәңгілік табыну керек.

Ана – рухтың төресі дейміз, біртуар ұлы тұлғалар да тек ана арқылы дүние есігін ашып, әлемге аттары танылды.

Адамзат өз анасы жайында жыр да жазды, толғау да туғызды. Анаңның көз алдында болғаны қандай жақсы еді. Ол бұл өмірден өткеннен кейін орыны ойсырап қалады, орынын ешнәрсе де толтыра алмайды. Тек қана жылы сөзі мен жарқын бейнесі сананды сағындырған елеске толтырады екен... Өзіңе деген мәңгілік сағыныш сәт сайын жүрегіңді тербетеді...

«Ата-анаңның қадірін балалы болғанда білерсің» демекші, енді, міне, ата-ана болып, әке-шешенің қадірін біліп отырмыз. Ата-ана қандай керек десеңші?!

Әсіресе, «ана алақанын» енді түсіндік...

Қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсірепов : «Мақтасақ әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел – ана, барлық қиындықты жеңетін, сарқылмайтын қуат, көзді бұлақ емес пе ?!» деген-ді.

Олай болса, бүгінгі мерекеде аналарды мадақтап, мақтайық та, құттықтайық та, дәріптейік те ...

Мен де осы мереке қарсаңында барша аналар мен аруларды табиғаттың түлеуіне дем беретін, тіршілік атаулының тынысын кеңейте түсетін Тау мен Қыр төскейін қырмызы гүл мен сән-салтанатқа бөлейтін,

адамзат көңіліне қуаныш нұрын құятын, жарқын болашаққа бағыт-бағдар сілтейтін көктемнің көрікті мерекесі – 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтап, шаңырақтарыңызға шаттық, керегелеріңізге қуаныш, құшақтарыңызға гүл тілегім келеді...

Бану АМАНҚЫЗЫ,
М.Горький атындағы
мектеп-гимназияның мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы,
Ақсу-Аюлы мекені.

АТА-АНАНЫҢ ПАРЫЗЫН ӨТЕУ – СЕНІҢ ҚАРЫЗЫҢ

Ата-ананың қадірін білмеген – халық қадірін білмес.

Ғ.Мұстафин.

Ата-ана – отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ананың қадірі ерекше әспеттелген.

Әсіресе, тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің кәусәр бұлағы – Ана есіміне қатысты дүниеде одан қасиетті ештеңе жоқ. Сондықтан ананы ардақтамайтын халық та жоқ.

Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды.

«Бала, бала, бала деп

Түнде шошып ояңған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Мұзды бесік таянған» да – ана, көзінің қарашығын-

дай қорғап, аялап өсіріп, аяғынан тік тұрғызатын да – ана. Халықтың халықтығының басты нышаны – туған елінің тілін үйретіп, сазына қандыратын да – ана. Сондықтан әрбір ұлттың рухани өзегі, қан тамыры болып табылатын тілі – Ана тілі деп аталады.

«Баланы – жастан» дегенге мен де толық қосыламын. Бірде Бернард Шоудан: «Маған ақылыңызды айтыңызшы, баланы қай жастан тәрбиелеген қолайлы?» деп сұрамай ма, сонда атақты драматург қарсы сауал қойыпты: «Балаңыз қанша жаста?». «Өмірге келгеніне екі апта болды» депті оған сауал қоюшы. Сонда Б.Шоу: «Сіз дәл екі аптаға кешіктіңіз» деген екен. Мұның өзі достық нақышта айтылғанмен, астарында шындық жатыр.

Өмір есігін жаңа ашқан нәрестенің бойына туған елінің рухын сіңіретін, балбыратып уататын тұңғыш тәтті сазы, жылауын қойғызатын ән өлеңі де сол – ғазиз ана бесікке сүйеніп отырып, емірене айтатын бесік жыры.

Ал, нәресте өмірінің нәрі – Ана сүті. Халқымыздың байырғы ұғымында баланың Анасы алдындағы парызын өтеуі «Ана сүтін ақтау» деп аталады. Оның жөнін халық: «Ана сүтін Ананды Меккеге үш рет аркалап апарып келсең де, өтей алмайсың», - деп түсіндіреді. Атақты орыс жазушысы М.Горькийдің: «Дүниедегі асыл атаулының бәрі күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралған», - деуі де сол шындықты айқындайды. Әрине, сондықтан да дүние жүзінің барлық елдерінде Отанға опасыздық пен Ана сүтін ақтамау – ең зор қылмыс саналады.

Ал ананың балаға деген сүйіспеншілігі жайында мынандай бір аңыз бар. Оны қазақтың дарынды қызы Ақұштап Бақтыгереева әдемі де әсерлі жырға айналдырған:

...Ертеде сұлу қызға болған ғашық

Ананың әлпештеген жалғыз ұлы.

Қыз атын айтса, ауыздан зар шығыпты,

Құс жастық аққан жасқа малшыныпты.

Дертiне, сағыныштың шыдай алмай,
Жас жiгiт құр сүлде боп таусылыпты.

Қинады, қыздың шарты бөлек екен,
О, сұлу неткен қатал керемет ең?!
«Анаңның жүрегiн ап келген күнi
Мен саған жар боламын», - деген екен.

Сол қызға есi ауған жiгiт мүлде,
Бүк түсiп жата алмады құрып күнде.
Ұйқыда бейқам жатқан сорлы ананың
Жүрегiн жұлып алды тұрып түнде.

Сүюдiң сертi ме едi соның бәрi,
Ол, мiне, қыздың шартын орындады.
Сүрiнiп кетсе жiгiт келе жатып,
Жүрегi түсiп кеткен қолындағы.

Ананың кезi бар ма кектi болған,
Оқыста жүрек түсiп кеттi қолдан.
Ұмтылса топырақта жатқан жүрек:
«Құлыным, байқасаңшы», - дептi оған...

Бұл – ананың баланы қаншалықты шексiз сүйетiнiн
бiлдiретiн терең мәндi көңiлсiз мысал.

Ал, бiздiң бала кезiмiзде «Ана тiлi» оқулығында
Ы.Алтынсариннiң «Ананың сүюi» деген өлеңi болды. Осы
өлеңдi оқығанда, сол кезде кiшкентай бала болсақ та, қатты
тебiренушi едiк. Бала ұғымына лайық тiлмен ананың қадiр-
қасиетiн жүрекке жылы етiп жеткiзген өлең шумақтары әлi
күнге дейiн есiмде. Онда былай деушi едi:

Кiм сендердi, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын.
Түн ұйқысын төрт бөлiп, кiрпiк қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.
Кiм сендердi, балалар, тербететiн,
Еркелетiп, ойнатып, сергiтетiн?

Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететiн.
Кiм сендердi сағынар шетке кетсең,
Ғылым iздеп, тез қайтпай, көпке кетсең?!
Ұмытпа, ең кемiнде жұлдыз сайын
Хат жазып тұр, төбесi көкке жетсiн!
Кiм сағынар сендердi келгенiңше,
Құлындарын көзiмен көргенiңше?!
Сендер қайтып келгенде адам болып,
Еш арманым болмас дер өле-өлгенше.
Барша аналарға тән қасиет осындай деп ойлаймын.

Дiн мұсылман жолында Әкенi құрметтеу – айрықша парыз.
«Әкеге бағыну – Аллаға бағыну. Оның алдында күнәһар
болу – Алла алдында күнәһар болу» дейдi Пайғамбарымыз.

Халқымыздың мақал-мәтелдерiнен, даналық сөздерiнен
де ата-ананың қадiр-қасиетi туралы айтылған тағылымы
мол асыл сөздердi көптеп табар едiк. «Алты аға бiрiгiп –
әке болмас, Жетi жеңге бiрiгiп – ана болмас» деген сөзде
де терең ой жатыр. Ата-ананың үмiт-арманы баласымен
бiрге жасайды. Сол себептi олардың бар тiлеуi балаға
бағышталған. Ақыры, ең қастерлi тiлектерi: бала-шағаның
алдында дүние салып, солардан топырақ бұйыруы. Осындай
ата-ананы сыйлау, сәби шағында өзiңдi олар қалай бағып-
қакса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып аялап,
күту – қандай ғанибет!

Қазақтар – «Төрiңнен қарт кетпесiн!» деп тiлеген халық.
Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгiлген белiне сүйеу
болу – бiздiң ата дәстүрiмiз.

Өзiңдi өмiрге келтiрген, тiршiлiгiңе нәр берген ата-
ананың алдында адамның парыз-мiндетi өлшеусiз. Қазақ
ғұрыпындағы ата-ананың алған ерекше биiк орыны, қадiр-
қасиетi ше! Ананың ақ сүтiн, әкенiң адал күшiн ақтау – өз
болашағыңды сақтау.

Ата-анаға не iстесең, алдыңа сол қайтады, Дүние кезек.
Сен өмiр бойы жас болып тұрмайсың. Сен ата-анаңды

сыйласаң, сенің балаларың да қартайғанда солай өзінді аялап күтіп, бағып-қағатын болады.

Орыс жазушысы Лев Толстойдың «Қарт пен немере» мысалы естеріңде ме? Бір үйде төрт адам. Ата, бала, келін, немере. Кәрі кісі тәрелкені сындырып алады деп келіні атасына тамақты темір табакпен береді. Бір күні шалдың немересі ағаш жоньпты. Әке-шешесі:

- Балам, не істеп отырсың?- деп сұрайды.

- Ертең сендер қартайып, атам сияқты болғанда тамақ ішетін ағаш астау жасап отырмын,- депті баласы. «Әкесін сыйламағанды баласы сыйламайды»,- деген бар емес пе? Ата-анаға қатыгездік жасаған адам дүниедегі ең күнәсі көп, адамдық ардан безген жан болып саналады. Қазақ халқында ондай пенделер қатаң жазаға, қатты қарғысқа ұшыраған.

Алайда, «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада», - демекші, өзінің перзенттік борышын түсінбеген, сөйтіп, ата-анасын жерге қаратып, көкіректерін қарс айырғандар бұрын да болған, қазір де жоқ емес.

Бүгінде кейбір жастар ата-анаға ақша жағынан қарасуды өздерінің перзенттік борышын өтегендік деп біледі. Мұны әке-шешесін аңыратып, ат ізін салмай кеткендер мен жалғыз басты қарттарын кәрілер үйіне тапсыруға дәті барған жүзикараларға қарағанда адамшылыққа баласақ та, оның да оңып тұрмаған қате түсінік екені айқын.

Ата-анаға қажетті – баласынан күтер, жалғыз материалдық жәрдем бе екен? Қайта, ата-анасы баласымен бірге тұруға болмаған күнде, жиі-жиі көрісіп, жүзбе-жүз отырып әңгімелесіп, мейірін қандыруды, баласын, келіні мен немерелерін көріп, көңілдері көншуін, олардың сый-құрметін көріп, тәңірге шүкіршілік етуді аңсамай ма?! Дүниеге бала әкеліп, оны азаптанып өсіріп, енді соның қызығын, қызметін көре алмай, тірідей суынып, қайырылмай кеткен баласын аңсай-аңсай дүниеден өткен кәрі әке-шеше қайғысынан артық қайғы бар ма?!

Абайдың: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік»,- дейтіні содан шығар.

Ата-ананың сөзін сыйлап, құлақ асу, пікірлес болу отбасы тіршілігінің бір ғанибеті ғой. Сол арқылы-ақ бала ата-анасының мейірін өсіріп, өз ортасында төрден орын алуына көмектеседі. Керісінше, ата-ананың сөзін құлаққа ілмейтін, өзі тағы жөн білмейтін жетесіз бала олардың сағын сындырып, төрдегі басын есікке сүйрейді.

Отбасындағы психологиялық оңды ахуал, татулық пен тыныштық, жайдары қабақ, пейіл-береке – оның барлық мүшелерінің ырысы, ойға алған істерінің өрге басып, мақсаттарының жүзеге асуының кепілі.

Балалардың ұрысқақ, жанжалқой, дөрекі-дөкірлігі әкешешенің жатса-тұрса жадынан шықпайтын қауіпі, азабы болады. Ондай ата-аналар үнемі алаңдаумен күн кешіп, қабақтарынан кірбің кетпейді.

Бұған қарама-қарсы енбекқор, кең пейіл, жарқын мінезді болып өскен ұл-қыз ата-ананың қас-қабағына қарап, хал-жағдайларын айтқызбай аңғарып, олардың көңілін тауып, мерейін өсіреді. Демек, балалары ата-анасын, үлкендерді қуанышқа бөлеп, бақытқа кенелтем десе, алдымен, әдепті болулары керек, өз жұмыстарын адал да тыңғылықты атқарып, отбасына кіріс кіргізіп, әке-шешенің қарттығын қажетті тыныштықпен және дәулетпен қамтамасыз етулері қажет.

Ата-ана да – адам, сондықтан олардың қателесетін, жаңылысатын, ағаттық жіберетін кездері болады. Әдепті бала ондай кезде зіркілдеп, дауыс көтеріп шыға келмейді, ал үлкенді балағаттау – бала тұрмақ, жасы кіші адамның ісі емес. Үлкендердің әлдеқалай істеген ісі, сөзі жанына қатты батса да, сабыр етіп, өзінді дүниеге әкеп, зор мехнатпен әлпештеп өсіргенін есіңе түсіруің, кешірімді болуың – міндет.

Ұл-қыз әдептілігінің негізі – ата-ананы риза қылып, үнемі алғыс, батасын алуында. Сонда ғана үлкендердің мерейі көтеріліп, ұл-қыздардың өркені өспек!

ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Қазіргі күнде ұлттық білім беру туралы көп айтылып жүр. Соның негізі ретінде ұлттық дүниетаным мәселелері қолға алынууда. Біздің негізгі мақсатымыз ұлттың болашағы болғандықтан, іске асыратын әрекетіміз де, білімнің ұлттық сипатын, рухани мазмұнын қамтамасыз етуіміз шарт. Ұлттық мәдени мұра, рухани қазына, елдің салт-дәстүрі, тілі мен ділі, ұлтымыздың рухани өмірін сақтап қана қоймай, оны байытып, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын, тарихи құндылықтарын, әсіресе, сана-сезімін қазіргі адамзат өркениеті биігіне көтеруіміз керек. Өзінің төл мәдени байлықтарын меңгермеген жан әлемдік өркениетті де жарылқамасына да назар аударған жөн.

Осы күні алған білімдеріміз тез естен шығып қалады, ал ұлтымыздың салт-дәстүрі, өз ұлтының ерекшеліктері, фольклоры ғылыммен ұштастырылса, мәңгі ұмытылмайды. Өйткені, олар халқымыздың өмір сүру қалпын түзеді.

«Ұлттық сана ұлттық ұғымдарды игеру арқылы ғана қалыптасатынын » ескерер болсақ, бұл мәліметтердің балаларға өз тілін, ділін түсінуге аздап болса да пайдасын тигізетіні ақиқат деп есептеймін. Сонымен бірге, ұлттық ұғымдарды ойындарда жиі пайдалану балалардың ұлттық заңдылықтарды түсініп, білуіне көмектеседі. Ал олардың мәнін талдап-талқылау, мазмұндамалар мен шығармалар жазу барысында ұлттық ережелер мен тұжырымдарды игеруге себін тигізеді.

Баланың жалпы және ұлттық дүниетанымын танымдық сұрақтар арқылы тексеру, жалпы алғанда, тым ерекше нәрсе екені даусыз. Дегенмен, сұрақтар дұрыс ұйымдастырылған

жағдайда, деңгей анықтаумен қатар, баланың үйрену құмарлығын оятатынын, білмекке талпынысын тудырып, қызығушылығын арттыратынын байқауға болады. Сонымен бірге өзінің жалпы қабілетін байқап қана қоймай, танымдық және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік тудыратынын да атап айтуға болады.

Осы орайда қазақ өмірімен тікелей байланысты төрт түлік атауларын ұсынып отырмын: 1/ Түйе малының атаулары; 2/ Жылқы малының атаулары; 3/ Сиыр малының атаулары; 4/ Қой малының атаулары; 5/ Ешкі малының атаулары.

1/ Түйе малының атаулары:		
1	Екі өркешті түйелердің жалпы атауы –	Айыр түйе
2	Жалғыз өркешті түйелердің жалпы атауы –	Нар түйе
3	Түйе төлінің жалпы атауы, інгеннің жасқа толмаған төлі –	Бота, көшек
4	Аруананың жасқа толмаған төлі –	Нарбота
5	Екі жасқа дейінгі төл –	Тайлақ
6	Қысыр қалған інгендердің емізіп жүрген былтырғы ботасы не енесі боталауға бірер ай қалғанша емген тайлақ –	Сұттайлақ
7	Үш жасар ұрғашы түйе –	Құнанша
8	Төрт жасар ұрғашы түйе –	Доненше
9	Төрт жасқа шығар еркек пішпе түйе –	Соқтан
10	Аруана мен үлектен туған төрт жасар жас бура, інген бұзар –	Буыршын
11	Үлек пен аруананың таза, асыл тұқымы –	Тас түйе
12	Ақталған, кексе ірі айыр түйе –	Атан
13	Айыр түйенің аналығы –	Інген
14	Бес жасқа жетпеген, боталамаған ұрғашы айыр түйе –	Інгенше
15	Жалғыз өркешті түйенің аналығы –	Мая
16	Жалғыз өркешті таза тұқымды аналық –	Аруана
17	Алғаш боталаған інген не мая –	Тұмса
18	Жалғыз өркешті түйенің жалпы атауы –	Нар
19	Айыр түйенің таза тұқымды аталығы –	Бура
20	Інген мен бураның асыл тұқымды таза ұрпағы –	Жампоз

2/ Жылқы малының атаулары:		
1	Жылқының алты айға дейінгі төлі –	Құлын
2	Алты ай мен бір жас аралығындағы жылқы төлі –	Жабағы
3	Бір жастан асқан, екі жасқа толмаған жылқы төлі –	Тай
4	Енесін екі жасқа дейін емген жылқы төлі, үйретілмеген асау –	Арда
5	Екі жасқа толып, үш жасқа аяқ басқан еркек жылқы –	Құнан
6	Екі жас пен үш жас аралығындағы ұрғашы жылқы –	Құнажын
7	Үш жас пен төрт жас аралығындағы құлындамаған ұрғашы жылқы –	Байтал
8	Дөнен шыққанша енесін емген мал –	Бұлан
9	Төрт жасар еркек жылқы –	Дөнен
10	Жанадан үйір алған жас айғыр –	Сәурік
11	Үйірге жанадан қосылған, әлі құлындамаған жас бие –	Қысырақ
12	Аналық жылқы –	Бие
13	Әсем жүрісті, көрікті жарау бие –	Наз бедеу
14	Ақталған жылқы –	Ат
15	Дене бітімі ірі, шымыр, мүсінді, құйма тұяқ, ұзақ жолға шыдамды ат –	Қазанат
16	Шашасына шаң жұқпаған жүйрік жылқы –	Сәйгүлік
17	Дене бітімі аса келісті, сұлу, сымбатты, жүрдек, асыл тұқымды жылқы –	Арғымақ
18	Асыл тұқымды, аса төзімді, белді, жүйрік, батырлар мінген жылқы –	Тұлпар
19	Қазақ жылқысының байырғы тұқымы –	Жабы
20	Аңыз бойынша Мұхаммед пайғамбар мінген қасиетті ақ қашырдың атауы –	Дүлдүл

3/ Сиыр малының атаулары:		
1	Сиырдың алты айға толмаған төлі –	Бұзау
2	Жасы алты айдан асқан төлі –	Баспақ
3	Алты айдан бір жылға дейінгі төл –	Торпақ
4	Бір жастан асқан төл –	Тайынша
5	Бір жас пен екі жас аралығындағы қара мал –	Тана
6	Екі жасар ұрғашы мал –	Қашар
7	Үш жасар ұрғашы мал –	Құнажын
8	Төрт жасар ұрғашы мал –	Дөнежін

9	Күш-көлікке пайдаланылатын, бес жастан асқан ірі қара –	Өгіз
10	Бірнеше бұзаулаған үлкен сиыр –	Мама сиыр
11	Сауын сиыр –	Мөшке
12	Сүтті, өнімді сиыр –	Тынжы
13	Тұмса бұзаулаған сиыр –	Құсақ
14	Буаз сиырдың ішіндегі тумаған бұзау –	Қызыл бұзау
15	Сиырдың, қара малдың тұлпары –	Шаңдақы
16	Будан мал –	Дүбәра
17	Сиырдың жүйрігі –	Қара тіл
18	Тұңғыш төлдеген сиыр –	Тұмса

4/ Қой малының атаулары:		
Абылай хан: - Ал, жарандар, бүгінгі әңгіме осымен бітсін. 1-2 күннен кейін билер кеңесі басталады. Олар Сұлтан Барактың ісін бір жағына шығарғанша, біз де аттаныс жайы, ғұмыр-зекет туралы біраз шаруаларды бітіріп алармыз.

Жүргізуші: - Осылайша, 1751 жылы басталған Ұлы аттаныс қазақтардың ұлы жеңісімен жалғаса берді. «Қалмақ қолы жеңілмейді» деген қағиданың күлі көкке ұшты. Ойраттарды ойсырата жеңіп, дүрбіттерді дүркірете қуған қазақ қолы сонау Түркістан, қырғыз елін, Жетісу, Аягөз өңірін, алдымызда жатқан Қабанбай бабамыздың ата қонысы – Барқытбел, Барлық, Алакөл өңірін жаудан толық азат етіп, қырық жыл аңсап күткен туған топырағын басып, ауасын жұтып тұрған кезі еді мынау Қабанбай бабамыздың.

Жеңіс тойы – Алакөл тойы көрінісі

(Қабанбай азат етілген Алакөл өңіріне қарап тұрады).

Қабанбайдың монологы: - Қайран Алакөл! Күндіз естен, түнде түстен шықпайтын асыл айдын, саумал көлім! Шараға құйған қымыздай көбігің сынып, кемерінді сүзіп, бәз-баяғы орыныңда жатыр екенсің-ау! Ал мен сені бір көруге зар болып, өмір бойы аңсаумен жүрдім. Паһ, шіркін! Дүниенің рахаты мұнда екен ой! Бұл Алакөл де, Аралтөбе де тұрған бойы сын мен төзім ғой! «Шыдаған кісі ғана жетеді мұратқа» деп тұрған жоқ па мына қалпының өзі де?! Мен де Алакөлмен қауышар осы бір арманды күнді 40 жыл күттім емес пе?!

(Абылай хан, Малайсары, Батыр Баян, т.б келеді. Шұрқырасып, төс қағысып амандасады).

Қабанбай: - Алыс жорықтан аман-есен оралдың ба, хан ием?! Әмісе Алла-тағалам жар болып, абыройың ассын! Ата жауың қашан да табаныңда жатсын! (Үш қайтара төс түйістіріп амандасады).

Абылай хан: - Өзің қалайсың, Дарабоз? Ел-жұрт тегіс аман ба? Ата жұртыңа азаттық туын тігіп, көзайым болдың ба? (Абылай Қабанбайдың екі қарынан уыстаған күйі ырғап-ырғап қояды).

Қабанбай: - Қараша халқың,ереуілді елің түгел амандықта, хан ием! Азамат атаулы ат үстінде. Барқытбел мен Барлықтың бұл бетінде тірі қалмақ қалған жоқ. Дүрбітті дүркірете қуып, өз шебіне өткізіп тастадық!

Абылай хан: - Бәрекелді! Айың оңынан туған екен. Ұзағынан сүйіндірсін! Дарабоз, сен өзің бұл өлкенің қай жерінде туып едің?

Қабанбай: - Нақты қай қоныс екені есімде жоқ. Қой қоздап жатқанда, осы Алакөлдің шығыс жағалауында, Барлықтың бөктерінде дүниеге келіппін.

Абылай хан: - Оу, жігіттер, батырды туған жеріне аунаттындар ма, қалай өзі?

Малайсары: - Е, әлі де кеш емес. Бұл Дарабоз бұдан кейін қолға түсе бермейді. Келіңдер, жігіттер, аунатайық! (Қабанбайды аунатады, сахнаны қуанған, сүйсінген дауыс, ду-ду күлкі кернейді.).

Батыр Баян - Жаса, Дарабоз! Қуанышың құтты болсын! 40 жылдан кейін туған жеріңнің бесігіне бөленіп, сәбилік шағыңа қайта оралғандай болдың-ау!

Дарабоз: - Оу, бұл не тұрыс? Ақтарыңдар ақ түйенің қарынын! Ошақ қазылып, от жағылсын! Бүгін осы арада жеңіс тойын тойлаймыз! (Той басталады. Қыздар көңілді әуенмен «Шаттық», «Жекпе-жек», «Жұмыр, Қылыш» билерін билейді).

Кеш соңында тағы да ана, бойжеткен, жігіт, екі күрескер бейнесінде 5 оқушы шығып, Ж.Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасынан қорытынды ретінде үзінді оқиды.

Тарих қойнауында

Гүлзира ТҮГЕРБАЕВА,
Жетібай кәсіптік колледждің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Қаракия ауданы.

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ ҮНІ АСҚАҚ

Сабақтың мақсаты: Үкілі Ыбырай өмірінен өнеге және шығармаларының мазмұндылығы мен айтар идеяларының қазақ әдебиетінде алар орыны мен көркемдік қуатының ықпалы жайында терең білім беріп, дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты аша отырып, бойына сіңіру.
Міндеттері: білімділік – Серілер поэзиясы туралы ойларын тереңдету, үкілі сал-серілерге тән ортақ қасиетті танып-білу. Үкілі Ыбырайдың өзіне ғана тән қасиеттерін ерекшелеу, ажырату. Өлеңдерімен, әндерімен таныстыру; **дамытушылық** – өз бетімен ойланту, ойландыру, өзіндік дәлелді пікір, тұжырымды ой айтуға баулу, үйрету. Үкілі Ыбырайдың поэзиясының кейбіреуі халықтық шығармаға айналғанын дәлелдеу; **тәрбиелік** – Эстетикалық тәрбие, өнерді сүйеге, бағалауға баулу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтастыру, ойталқы, талдау, мәнерлеп оқу. **Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка, мәдениет, өнер, география.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру;

II. Үй тапсырмасын сұрау.

II. I. Қысқаша шолу: 1. Әнші-ақындар кімдер? Олардың шығармашылық кезеңі. 2. Сал-сері деген атаудың мән-мағынасы. 3. Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов өмірі, шығармашылығы. 4. Біржан сал Қожағұлұлы өмірі, шығармашылығы. 5. Ақан сері Қорамсаұлы өмірі, өлеңдері. 6. Жаяу Мұса Байжанұлы өмір жолы, өлеңдері. 7. Балuan Шолақ Баймырзаұлы өмірі, өлеңдері.

II. II. Хронологиялық кесте

Жылдар	Негізгі оқиғалар
--------	------------------

1	1818-1854 ж.ж.	Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақовтың өмір сүрген кезеңі.
2	1834-1897 ж.ж.	Біржан сал Қожағұлұлының өмір сүрген кезеңі.
3	1843-1913 ж.ж.	Ақан сері Қорамсаұлының өмір сүрген кезеңі.
4	1864-1916 ж.ж.	Балуан Шолақ Баймырзаұлының өмір сүрген кезеңі.
5	1835-1929 ж.ж.	Жаяу Мұса Байжанұлының өмір сүрген кезеңі.

III. Жаңа сабақ.


III. I. Әнші ақындар.

III. II. Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының өмір жолы, өлеңдері.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы №5 ауылда 1860 жылы дүниеге келген. 1931/2 жылы қараша айының 4 күні «халық жауы» ретінде тұтқындалып, атылған. 1960 жылы ақталған. Кеңес өкіметі кезінде ол ауыл «Өскен» деп аталса, қазіргі тұрғындар болашақта «Үкілі Ыбырай» ауылы болады деген сенімде отыр. Жалғыз таудың бауырын жайлаған Жақсылық қарауылдан шыққан ақынның арғы тегі Деріпсал Сәбденнен тараған. Сәбден – Абылай ханның досы әрі даңқты батыры болған. Кедей шаруа отбасында туған.

Деріпсалдың:

1. Сандыбай,
2. Мандай,
3. Әбіле атты үш ұлынан үлкен әулет тарайды.



Бала кезінде молладан оқып, арабша сауатты болған. Жасынан әнге, өлеңге құмар Ыбырай қазақтың атақты әншілерінен, ақындарынан (Орынбай, Арыстанбай, Шөже, Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Тезекбай) үлгі-өнеге алып, шығармашылық дәстүрін бойына сіңірген. Ыбырай хат танығаннан кейін «Мұңлық – Зарлық», «Қыз Жібек», «Жүсіп – Зылиха», «Тотының тарануы», «Сейфіл-Мәлік», «Мың

бір түн» іспетті лиро-эпостық, батырлық һәм ғашықтық жырлары мен қисса-дастандарды жатқа өз әуенімен айта білген. Әсіресе, «Ер Тарғын», «Мың бір түнді» әнге қосып, жатқа айтудан жалықпаған. Кейде қара сырнаймен, кейде үкілі домбырамен қоса шырқап, поэзияның желісіне қарай ән мақамының өрісін жатық үйлестіре білгені – үлкен өнер. Ұзақ дастанды әндеткенде, кейде қолындағы домбырасын жерге қоя салып, тақпақтатып кетіп, отырған жерінен ілгері-кейін жылжып, қызғылықты қимылдармен жалықтырмас даланың дара әртісінше тыңдаған жанды жіпсіз байлағандай баурап алатын қасиеті болған. Бойға қонған жан-жақты өнердің арқасында ауыз әдебиетінен әбден сусындап, жазба әдебиетіне иек артып, өз ақындық өрісін кеңейткен.


Үкілі Ыбырай тек қана ауыз әдебиетінің өкілі емес, ол өзінің ең жақын һәм жанашыр пір тұтқан ұстазы Ақан сері секілді суырып салма төкпе де, ойланып та жазар жазба да ақын. Ыбырайдың ақындық талантынан әншілік дарынын бөле жаруға болмайды.

Ақын, аса көрнекті композитор, кезінде алдына жан салмаған әнші Үкілі Ыбырайдың **«Үкілі Ыбырай»** атануының себебін «Өзім жайлы» атты өлеңінде бабамыз:

«Аралап талай елдің дәмін таттым,
Сұлудың асқақ әнмен бабын таптым.
Қалаған Сәмекеден қара қалпақ,

Қос буын шекесіне үкі тақтым», - деп, қара қалпақтағы қос буын үкісін үндестіріп, желбіретіп, көзге түсіп, **«Үкілі Ыбырай»** атанады.

Суырып салма ақын, сазгер, сал-серілердің соңғы өкілдерінің бірі – Үкілі Ыбырай ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.



Ел арасына кеңінен тараған «Гэкку» әні Ыбырай шығармашылығының шыңы болып табылады. Ыбырайдың әндері жастық шақтың жалын атқан нәзік, таза махаббат сезіміне, оптимистік әуенге, мелодиялық

көркем сазға толы, терең ойлы болып келеді. Е.Г.Брусилковский «Гэкку» әнін «Қыз Жібек» операсында (Жібектің негізгі ариясы), «Арарай» әнін «Ер Тарғын» операсында (Ақжүністің ариясы) пайдаланды. Әнші ақынның әндерін алғаш нотаға түсірген А.В.Затаевич пен И.В.Коцык. Ыбырайдың өлеңдерін «Бостандық туы» газетіне жариялап, ақынның шығармашылығы туралы келелі пікір айтқан жазушы С.Мұқанов, әдеби мұрасын зерттеген әдебиет сыншысы Е.Ысмайылов, драматург Ш.Хұсайынов «Қайран Гэкку» пьесасын жазды.

Үкілі Ыбырайды сипаттағанда Сәкен Сейфуллин:

«Әні бар «Гэкку» деген аңқылдаған,

Аққудай айдын көлде саңқылдаған.

«Кідігай», «Қалдырған» мен «Маңмаңгерді»

Бірғалтса керней даусы қарқындаған», - деп Шалыпинге теңесе, бұл Ыбекеннің жетпіске тақап қалған шағы екен.

1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің 100 күндігінде Күләш Байсейітова «Гэкку» арқылы қазақ әнінің сұлулығын, кеңдігін, тереңдігін, жарқындығын Еуропа халқына танытты, бұл ән Хәкима есімді қызға арналған.

Біржан сал жас Ыбырайды алғаш рет тындағанда Ақан серіге қарап: «Ақанжан-ай, ертіп келген шәкіртіне қанықтым, шын бақытты жан екенсің: қазақта жылқының перісі Құлагер саған бұйырса, ақынның перісі осы інің болар. Қазақ әнінде өзім жеке дара тұрмын, өзгелерге Ыбырай жеткізбес», - деген сөзінде терең шындық жатыр. Әйгілі әдебиет зерттеушісі Е.Ысмайылов «Ыбырай – шын мәніндегі ұлы өнерпаз» деп жазған.

Сарыарқаның сырбазы атанған, ән мен жырдың падишасына айналған Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының 150 жылдығына арнап, Алматы қаласындағы Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар және жасөспірімдер театрында «Адырна» ұлттық – этнографиялық бірлестігі қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ән кеші өтті. Қызылжар қаласында ақын атына саябақ, Айыртау ауданында ақын мүсіні, ескерткіш, оқу орындарында конференция өткізілді.

IV. Бекіту.



IV. II. Сәйкестендіру

1	Ақан сері Қорамсаұлы	3
2	Біржан сал Қожағұлұлы	5
3	Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов	2
4	Жаяу Мұса Байжанұлы	7
5	Балуан Шолақ Баймырзаұлы	4
6	Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы	1
7	Әсет Найманбаев	6

IV. III. Табу

№	Тапсырмалар	Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов	Біржан сал Қожағұл ұлы	Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы	Жаяу Мұса Байжанұлы	Ақан сері Қорамсаұлы
1	«Сәулем қыздар» өлеңінің авторы.					
2	«Маңмаңгер» өлеңінің авторы					
3	«Әйкен-ай» өлеңінің авторы					
4	«Көкек» өлеңінің авторы					
5	Оны түсінбеген қараңғы ел «жынданды» деп есептейді.					
6	“Тэкку” әнінің авторы					
7	Ақжігіт кімнің азан шақырылып қойылған аты?					
8	Тоғыз жасқа толмай жатып ата-анасынан айырылған ақын?					
9	1960 жылы ақталған ақын?					
10	Петербург, Польша, Литва, Латвияда болған ақын?					

IV. IV. Фигураның түрлерін табыңыздар.

1. Жиырма бес Келді кезім айтар сөз,
Қызды ауылдың сыртынан

Қылаң еткен жиырма бес.
Қызды көрсем құшақтап,
Құлай бір кеткен жиырма бес.
Күрек тісін ақситып,
Сұлуды құшқан жиырма бес.
Күлдір-күлдір кісінетіп
Күреңді мінген жиырма бес.
Тастан қашқан түлкідей
Сылаң қаққан жиырма бес.
Төрде жатқан кемпірден
Қарғыс алған жиырма бес.
Бесіктегі баладан
Алғыс алған жиырма бес.

2. Жігіт түрлері

Алтыншы бір жігіт бар қарқылдаған,
Арсызды ілтипат қып алқымдаған.
Ақ жарқын, ашық ықыла – ол бір шахуаз,
Ақ көңіл, ашық мінез аңқылдаған.
Ажалсыз маған тағдыр келмейді деп,
Қарысып дұшпанынан тартынбаған.

3. Жапалақ құс

Жапалақ құс болғанымен, неге дәрі,
Жаманның кісілікке бар ма сәні?!
Жаманға айтқан сөзің еш қонбайды,
Ағады құлағынан сөздің бәрі.
Жапалақ жарбандайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында?
Сыыр-ау, өз тіліңнен болдың қотыр,
Сақина тілеп алып сау басыңа.

V. Бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: 1) Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының өмірі, шығармашылық жолы; 2) «Гэкку», «Қызыл асық», «Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа» өлеңдерімен толық танысу, жаттау, орындаушылардың орындауында тыңдау; 3) «Сегіз қырлы, бір сырлы» өнер иесінің шәкірттерін танып-білу, зерттеу.

Майгүл РАХМЕТ,
№190 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Ақтан батыр ауылы.

ӘЗІЛХАН ИШАН МЕШІТІНДЕГІ ИМАНДЫЛЫҚ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: «Өз елінің тарихын білмей, өзгені танымайсың» деген даналық сөзді ескере отырып, Әзілхан ишанның өмір жолын, қызметін, имандылық өнегесін бүгінгі ұрпаққа үлгі ету, ұлттық салт – дәстүрді насихаттау, ұрпақ жадында жаңғырту. **Міндеттері: білімділік** – Діни лауазым аттарының өзіндік өзгешеліктерін, бір-бірінен басты айырмашылықтарын ажыратып тану, басқа дін өкілдерімен салыстыра әңгімелеу; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін дамыту, белсенділігін, ізденімпаздық қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – ұлттық құндылықтар – дәстүрлеріміздің қазіргі таңдағы маңыздылығын меңгерте отырып, оқушыларды рухани құндылықты қадірлеуге, құрмет тұтуға тәрбиелеу;

Түрі: сыныптан тыс жұмыс. **Әдістері:** СТО стратегиялары. **Пәнаралық байланыс:** тарих, медицина. **Көрнекілігі:** суреттер, мұражай экспонаттары, т.б.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды сабаққа дайындау.

«Елімнің есіл ерлері,
Халқымның ардақты ұлдары,
Армандап өткен елдікті...»

Заман өзгеріп, тәуелсіздігіміздің туы желбірегеннен бері өткенімізді түгелдеп, өшкенімізді жандырып, тарих көшінде тек аңызға айналып бара жатқан, өмірдерегі көмескі тартқан

атақты, киелі адамдарымызды, ата-бабалар өмірін, қызметін халыққа таныту, бүгінгі жас ұрпаққа үлгі тұту дәстүрі жалғасып келеді.

Бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын, мына бір сұрақтарға жауап берелік:

I. Қызығушылықты ояту.

1. Өз өлкеміздегі қандай тарихи ескерткіштерді білесіңдер?

2. Туған жер тарихы бізді қызықтыра ма?

3. Туған жердегі тарихи ескерткіштердің сырын білеміз бе?

Осы уақытқа дейін біздің ауылымызда өмір сүрген қандай әулие бабаларды білесіңдер?

II. Мағынаны тану.

Мұғалім сөзі: - Біздің ауылымыздың тарихы өте бай, атақты батыр бабалар, киелі әулиелер дүниеге келген. Бүгінгі сабағымызға өзек болғалы отырған киелі, аруақты адамның бірі – Әзілхан ишан ата.

Өткен сабақта сіздерге Әзілхан ишан ата туралы деректер жинап келуге тапсырма бергенмін. Енді сыныпты үш топқа бөліп, жұмыс жасаймыз.

I топ – «Зерттеушілер», II топ – «Тілшілер», III топ – «Сарапшылар».

«Зерттеушілер тобы» Әзілхан ишан атаның өмірбаяны туралы жинаған деректерін баяндайды.

1. Әзілхан ишан ата өмірбаяны;

2. Ишан атаның халыққа жасаған қызметі;

3. Әзілхан ишан мешітінің салыну тарихы;

4. Құдық суының шипалы қасиеті, құрамы.

«Зерттеушілер» тобының Әзілхан ишан туралы деректері.

Зерттеушілер деректерін баяндап түсіндіргенде, әрқайсысына тілшілер жеке-жеке сұрақ қойды. **«Тілшілер» тобының зерттеушілер тобына қойған сұрақтары:**

1. Өмірбаянын зерттеуде сізді қызықтырған не нәрсе болды?

2. Басқа құрылыс нысандарына қарағанда Әзілхан ишан мешітінің салынуында қандай ерекшеліктер бар?

3. Қызыл империя тұсында тағдыр талқысынан өткен мешітті қандай оқиға күтіп тұрды?

4. Зерттеу жұмысын жасағанда деректерді алуда кімдермен кездестіңіз және материалдарды қалай жинақтадыңыздар?

III. Ой-толғаныс.

«Сарапшылар» тобы зерттеу жұмысын жүргізген оқушылардың жұмысына өз пікірлерін айтып, бағалап, өздерінің ойларын айтты.

- Зерттеу жұмыстарыңыз өте жақсы ұнады. Көптеген деректерге біз қанық болдық. Әзілхан ишан атаның өмір жолын зерттеуде де оның Бұхарада оқығанын, үш адамның бірі болып «шатыр хат» алғанын білдік. Ол мұны өзінің бойындағы әулиелігі, қамқорлығы үшін алған. Әзілхан ишанның «Аққұмшық» құдығының суы тұп – тұщы. Судың құрамы зерттеліп, жарамдылығы анықталған. Құдық суын адамдар түрлі ауруларға пайдаланған және де аурулардан айыққан. Қызыл империя кезінде мешіт төбесіне кітаптарды жасырған дедіңіздер, сонымен бірге, бұл кітаптардың жартысын далаға көміп жасырған, кейін мұны Әзілхан ишан ата ұрпақтары тауып, қазып алып кетті деген әңгімелер де бар. Әзілхан ишан ата әлі де көп зерттеу жұмыстарын жүргізу керек деп ойлаймыз. Бұл жұмысты зерттеу, зерделеу – кейінгі жас ұрпақ – біздің парызымыз.

Қорытынды. Өткен тарихты білмей, болашақты болжай алмаймыз. Бүгін біз ауылымыздан шыққан Әзілхан баба туралы көп мағлұмат алып таныстық. Имандылықты ту еткен бабамызды қастерлеп, тәрбиелі ұрпақ өсіру – басты парызымыз.

Үй тапсырмасы: «Әзілхан ишан – киелі баба» тақырыбына эссе жазу.

САЛ-СЕРІЛЕРДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ

Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрге сай өнердің даму сатысында хас таланттардың өзіндік дүниетанымы, эстетикалық талғампаздығы, табиғи жаратылысындағы ерекше дарындылығы – өнердің бірнеше түрін меңгеруде. Олардың әрқайсысы халықтың рухани тұрмысында өнерді насихаттап қана қойған жоқ, әлеуметтік тұрғыда ой қозғап, қоғамдық мәселелерді көтерді. Ұлт бірлігін, жерін сақтау, өнерді қастерлеу – ғасырдан ғасырға жеткен сал-серілер өнернамасының негізі болмақ. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығында сал-серілік дәстүрі былайша сипатталады: «Сал-серілік дәстүрі бірте-бірте ұмытылып, халық жадында тек Ақан сері, Сегіз сері, Біржан сал секілді өнерпаздарға ғана байланысты сақталып отыр. Сал және серінің айырмашылықтарын тап басып, ажырату үшін де этнографиялық айғақтарды ашып көрсеткен орынды... Серілер таза, әдемі киіну, кербез, паңдық мінездерімен өз ортасынан оқ бойы озық тұрады, олар жомарттық, сақилық, білімдарлық қасиеттерімен айналасына өнеге шашатыны, тек өнер жолына беріліп, сауық құрып, аңшылық саятшылықпен айналысып жүрген.

Елбасы Н.Назарбаев ұлт мәселесіне басты назар аударып, егемен мемлекет пен тәуелсіз ұлттың дамуында ұлттық сипаттың мәнін атап көрсетті. «Кеңес кезінің өзінде шын ұлттық мемлекеттілік таптық сипаттан ұлттық сипатты жоғары қою жолымен жүзеге асатынына көз жете бастады. Өмірдің барлық саласына, жаңа тарихи қауымдастық – кеңес халқының моральдық кодексін күштеп енгізу адамдардың ұлттық сезімін, халықтардың өзінің этникалық тегін тануға ұмтылысын жойып жібере алмады» [1, 129].

Жетпіс жыл бойы дәріптеліп келген коммунистік жүйе ұлт тәуелсіздігінің, жекелеген ұлттың жойылып кету қауіпін туғызды. Уақыт өткен сайын коммунистік партия саясаты, шовинистік идеяның тар шеңберінде біртұтас мемлекеттің, ұлттың болашағы үшін күрескен қазақ қоғамындағы ірі тұлғалар есімі жалаң, жалпылама түрде айтылып келді. Ендеше, ұлт тәуелсіздігі жеке тұлғаны қалыптастырған қоғамдағы тарихи шындықты, рухани сабақтастықты биік деңгейге көтерді.

Ғалым Р.Нұрғали ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің қазақ қоғамындағы рухани құндылығы, шынайылығы тұрғысында «Саясаттан қашу, тоталитаризм құрығынан құтылу үшін қаламгерлер шыншыл сөз өткізудің сан алуан тәсілін тапты: бүгінгі тақырыптардан кетіп, тарих қойнауына сүңгіді: астарлы емеурін ой айту амалдарын меңгерді: сөз өнерінің табиғатына жат сарындардан безді. Көкейкесті сырларды бейнелі, суретті, ишара сырлы сөзбен айта білген үздік шығармалар халық махаббатына бөленді, ұлттың рухани игілігіне айналды: еліміздің тұрмыс-салтын, тарихын, мінез-құлқын өзге жұрттарға таныстырды», - деп пайымдау жасады [2, 8].

Заман талабы халықтың да санасын оятты, бүгінгі уақыт еншісінде өткенді зерделеу арқылы тарихқа, ұлттық әдебиетімізге деген жаңа көзқарастар пайда болды.

Сал-серілер тұлғасы – ғасырлар бойы ұлт мақтанышы болатын, жаратылысында дарынды, қазақтың өзгеге ұқсамайтын дара болмысын жаһандану үрдісінде жарқырата көрсететін сегіз қырлы, бір сырлы, импровизаторлық, синкретті өнерді дәріптеуші, дарынды өнер иелері. Ұлт әдебиеті қазақтың халықтық музыка мәдениетінде өзіндік орыны бар ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Естай, Қанапия, т.б.

Ұлттық әдебиет пен халықтық музыка мәдениетінің көрнекті өкілдері – сал-серілер мұрасы мен дәстүрі

ерте дәуірден осы заманға дейін сақталған. Сал-серілер дәстүрді ұстанған, адамзаттық құндылығы бар, танымдық, тағылымдық мұраларға бай жан-жақты өнер иелері – қазақ сахарасының рухани келбеті. Дәл нақты кезеңі белгісіз, сал-сері типі ескі дәуірден сақталған. Тарихи-археологиялық мәліметтерге сүйенген Е.Тұрсыновтың зерттеуінде андронов дәуірі кезеңінде, б.з.б. ХІҮ–ХІІІ ғасырларда ру, тайпалардың өз ішінде отау құрып, даралау болған. Үлкен отаулар рудан бөлініп, аруақтарды қастерлеу, ас беру салтын ұстанған. Бұдан шығатын қорытынды: сал және сері типінің пайда болуы мифологияның жаңғыруы нәтижесінде «даралану», яғни, құпия одақтардың, тотем-ру атасының болуы төркінінде жатса керек.

Е.Ысмайыловтың, Ә.Марғұланның, Е.Тұрсыновтың, А.Сейдімбектің, М.Мағауиннің, С.Кенжеахметұлының, С.Негимовтің, Қ.Әбдезұлының ғылыми еңбектерінде сал-сері феноменіне жан-жақты анықтамалар беріліп, құнды пікірлер айтылды. Академик Ә.Марғұлан сал және сері типінің өзгешелігі мен ұқсастығын жан-жақты талдап көрсетеді: «Бір айтатын ой, сал мен сері бір типті емес, екеуі екі алуан, екі дәстүр өрнектері. Олардың бірінен-бірінің өзгешелігі – тұрмыс көрінісінде, типінде. Ең алдымен, сал, сері деген сөздер қалай туған? Осыдан бастайық. «Сал», европа тілімен айтқанда, эксцентрик немесе өз бағытымен жүретін бір алуан адам. Оның бар арманы сылқымдық, кербездік, киімді әдемі киіну, өзімен қатар жүрген адамның бәрінен де қияпатымен де, киімімен де артық болу, асып түсу. Ертоқымның өзі де басқаныкіндей болмайды, алтынмен, күміспен өрнектеліп, ерекше салтанатпен жасалады.

Зерттеуші Е.Тұрсынов «сал» мен «серінің» кейде қатар айтылатынын, серілер салдардан кейін пайда болған богема сарындарын жырлаушы өнер адамдары деген қорытындыға келеді. «ХІХ ғасырда сал дәстүрінің түр ерекшеліктерінің ғана кейбір элементтерін сақтап қалған Біржан секілді жаңа сапалы салдармен қатар серілер тобына жататын Ақан сияқты өнер иелерінің пайда болуына және осы кезде «сал», «сері» деген ұғымдардың бір тектес

ұғымдар есебінде пайдалана бастауына қарағанда, сал, серілер шығармашылығы мен дәстүрлерінің тығыз ішкі байланыстылығына қарағанда, серілер – сал типінің негізінде өткен ғасырда қалыптасқан өнер иелерінің жаңа түрі деп айтуымызға болады. Генезисі жағынан алғанда, серілер – ыдырай бастаған құпия одақтар мүшелерінің соңында жүріп, олардың ойындары мен билеріне қатысқан «фанаунау» секілді серіктерімен тамырлас болғанға ұқсайды. Серілердің жүріс-тұрыстары мен репертуарларында оларды салдардан спецификалық айыратын элементтер жоқ. Алайда салдар шығармашылығына тән негізгі сарындар – богема сарындары өз дамуын серілер поэзиясынан тауып отыр» [3, 148]. Ендеше, сал-серілер – музыкалық шығармаларды, ән-күйді қазақ даласында өркендетіп, таратушы өнер иелері. Олардың ерекше қасиеті – ақындығы, әншілігі, күйшілігі, елді ән мен сәнге бөлейтін, адам жанына ізгілік нұрын себетін зиялылығы.

С.Жүнісов сал-серілер тобының көш салтанаты сияқты сәнін, өзгеге ұқсамайтын ұлттық ерекшелігін «Қазақтың кең сахарасында бұлайша топ-тобымен жүру, бүгінгі күнгі бір мекемеге бағынған әртістер ұжымы секілді гастрольдік сапармен жүру салты бұрын-соңды тап осындай болды ма екен? Бұл топ – орыс халқының трубадурларына да, француздың жонглерларына да, испандық хугларлерге де, немістің шпильмандері мен тәжіктің масқарапаздарына да ұқсамайтын, тағдыры, сүйегі жағынан паяциларға, өзбектің қызықшыларына, Шолом Алейхан жазатын еврейлік «қаңғырған жұлдыздарға» аздап жақындайтын, тіршілігі жағынан тек қазаққа ғана тән Ақан сері, Біржан сал атымен байланысты өзінше бір жаңа серілер, салдар тобы еді» [4, 2].

Академик Ә.Марғұлан сал-серілік дәстүр жайында нақты деректер келтіреді. «Тарих көзімен қарасақ, серілік ту бастан түрік қағанаты кезінен шыға бастаған. Серілікті әдет қылған ойшы кісінің бірі – Иоллық тегін деген кісі. Ол өзі ғажайып аңшы, мерген, атты күтіп ұстайтын бапкер, сонымен қатар асқан ақын, жырау болған дейді.

Ағалары Білге хан мен Күлтегін қайтыс болғанда оларға арнап эпикалы оқиғаларды әдемілеп құрып, тасқа жазып қалдырған. Түрік қағанатының асқарлы биі Тоныкөк терең ойшыл кемеңгер білгіш кісі болған, өлерінде басына қоятын құлпы тасқа атақты жазуды ол өз қолымен жазып қалдырған... Қазақ аңыздары бойынша, Қорқыт – ескі дәуірдегі серілікті бастаушының бірі. Ол – атақты шешен, ел басқарушы, сонымен қатар дүлдүл жырау, асқан күйші, бірінші рет қобыз жасаушы, қазақ музыкасының атасы. Қорқыттың қобызы мен музыкасын өзіне мұрат еткен ұрпақтары – әл Фараби, Нысан абыз, Қойлыбай, Балақай, Жанақ ақын, тағы басқалар» [5, 173-174].

Сал-серілердің даму эволюциясы қазақ музыкасымен, драмалық, сонымен қатар спорт, жонглер, плоди өнерімен тығыз байланысты. Сал-серілер импровизаторлық, жыршылық, орындаушылықпен қатар драмалық элементтерді ұштастырған. Мимика, жесть, яғни, бет-жүзін құбылту, бас терісін қозғалту, бір орында тұрып бірнеше қимылды кезекпен сәтті орындау – негізінен, салдарға тән құбылыс. Адамзат баласы өмір сүрген уақыт, өткен дәуір тарихи фактілерімен құнды.

Тарихи деректерге қарағанда, сал-серілікті насихаттаған, дәріптеушілердің белдісі, «Қыпшақ даласында серілік пен салдықты көп таратқандардың бірі – Жошы хан. Ол қасына атақты жырауларды, ақындарды, сал-серілерді, әнші-күйшілерді топтап, бірыңғай сауық үстінде жүреді екен. Оның серілікті жақсы көруі сонша, әкесі жыл сайын Балқаш төңірегіндегі Құлан-ойнақ даласына әдейі аң аулауға келгенде қыпшақ елінің «сыйы» деп, оған он мың боз ат, он мың қара ат тарту етіп отырған. Жошының аңда жүріп көп шыққан биік жері – Ортаудың сұңқар ұя салатын ұшар басы. Ол жерді Жошы ерекше қадірлеген, сұңқардың ең алғырын осы арадан ұстайтын. Ол биік шыңды қазақтар осы күнге дейін «Жошының қиясы» деп атайды. Оның серілік өмірінен туған атақты күй «Ақсақ құлан –

Жошы хан» қазақтардың есінде осы күнге дейін сақталған» [5, 174].

Сал-серілік дәстүр – әр алуан өнер өз ортасынан оқшау тұратын өнер. Адамдардың ел мен жерге деген кіршіксіз сүйіспеншілігінен, ұлттық болмыс-бітімінен, мейлінше сөздік қоры бай қазақ тілінің көркемдігінен бастау алып, «сал» мен «сері» типтерінің пайда болуына негіз болса керек. Адам мен қоғам арасындағы тарихи сабақтастық өткен дәуірден сыр шертеді, адам баласының сана-сезімінің жаңаруына ықпал етеді. Сал-серілерге тән ұлттық сипат уақыт пен кеңістік аясында әр қилы дамып, қоғамның ілгері дамуында дара тұлғалардың ұлттық болмысын жан-жақты көрсетіп, ұлт өкілі ретінде халық арасында болатынын айғақтайды.

«Ұлттық сипат – бір қалыптан өзгермейтін, қатып қалған нәрсе емес. Өмірдің ілгері басына, қоғамның дамуына сәйкес ол да дамиды. Ұлттың тарихи һәм әлеуметтік өмірлеріндегі дамулар нәтижесінде, адамның сана-сезімінің, түсінуінің жаңаруына ықпал ететін соны қатынастар тумақ. Солардың арқасында адамның затты, құбылысты тануы, түсінуі мен сезінуі бұрынғы қалыптағысынан тереңдей түспек» [6, 129].

Олай болса, сал-серілердің ұлттық келбеті, болмыс-бітімі – ұлттық менталитеттен туындайтын қазақ ұлтының даму диалектикасымен тығыз байланысты. Салдық пен серілік өнерінің биік тұғыры, қазақ дәуірі – «Қазақ хандарының көбі өздерінің бабалары – Жошы, Ордаежендердің серілік дәстүрін жалғастырған. Ең бірегейі – әз Жәнібек. Ол атақты аңшы, құладыңға қу ілдірген саятшы болып, ойын-сауықты көп қуып, ел-елді аралап қалыңдық іздейді екен... Қасым ханның баласы Ақназар да атақты серінің бірі болған. Бірақ серілікті ол бір сұлулық үшін, елге үлгі ету үшін пайдаланған. Серілікті аса биік сатыға жеткізген – Есім хан. Оның қамқа тоны, басындағы бөркі, аяғындағы қызыл етігі тегісімен алтынмен кестеленіп отырған. Құстың да ең қырандарын – сұңқар, лашын, тұйғын, Алтайдың ақ иық бүркітін ұстаған. Абылай мен Әбілқайыр ханның ұрпақтарына дейін серілік пен сал өнері үздіксіз дами береді. Абылайдың жауынгер батыры, уақ Баян батыр – атақты серінің бірі» [5, 175].

«XIX ғасырдағы аты шулы Біржан сал, Ақан сері, Толыбай, Жаяу Мұса, Ағашаяқ, Әздембай, одан бергі Шашубай, Естай сал, тағы басқалары әншіліктің, халық өнерпаздығының дәстүрін дамытып, қалыптастырған қазақтың әнші-ақындары, сал-серілері, өнердің тұтастық қасиетін бойына жинаған адамдар... Бұрын да, қазір де сал, сері ақындарға тән негізгі ерекшелік – ән мен өлеңнің үнемі түйісіп, ұштасып айтылмайтындығы дедік, осы ұштасудан әнші ақындар тыңнан өлең, жыр ғана шығарып қоймай, әнді де шығарып айтатын халық композиторлары болды. Атақты Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай, Мәди – барлығы да әнші, ақын ғана емес, өзінің шығарған тың әндері бар композиторлар» [7, 66]. Зерттеуші ақындық, музыкалық, өнерпаздық дәстүр жағынан сал мен серінің арасында үлкен айырмашылық болмағанмен, қимыл-әрекетінде, жүріс-тұрысы, киім-киісінде, мінез-құлқында өзгешелік бар екенін айтады. «Салдарға тән салтанаттылықты сауықшылықты айта келе, профессор Е.Ысмайылов «сал» сөзін «салдырату», «салтанат» сөздерімен түбірлес сөз деп тапқан» [7, 149].

Сал-серілік дәстүрден, олардың өнер жолынан өткен дәуір оқиғасын бүгінгі күн тұрғысында зерделеу, ұлттың асыл қасиеттерін биікке көтеру – ұрпақтың еншісі. Ғалым А.Сейдімбектің пікіріне сүйенсек, халық өміріндегі елеулі оқиға, рухани сабақтастық ешуақытта өз маңызын жоймайды. «Тарихта болған, жекелеген оқиға халық өміріндегі маңызды, күрделі басқа құбылыстармен тығыз байланыста, сабақтастықта бейнеленеді. Халықтың өткен өмірінде айтарлықтай үлкен маңыз-мәні жоқ шағын оқиға ірі құбылыстармен байланысты, сабақтастықта бейнеленіп қана қоймайды, сол байланыс пен сабақтастықтың нәтижесінде өмір құбылыстарына тән ең басты, мәнді белгілерді айқындап, толықтырып, ажарын аша түсуге қызмет етеді» [8, 40].

Сал-серілер заман ағымымен, әр алуан тағдырымен сыр шертеді, өнер туындылары өзекті оймен гуманизм тұрғысында шынайылықты білдіреді. «Ерте кезде өткен салдардың асқан ерекшелігі – олардың сыртқы қияпатының

өзгеше болып көрінуі. Олардың сыртқы сипаты, киім киісі, жүріс-тұрысы қарапайым кісіге ұқсамайтын. Олар жүргенде ылғи қойқандай басып, кербез жүреді. Сөзі асқақ, еркін, өзінен басқа жан бар деп ойламайды, болса да олардан иығы асып отыруына кәміл сенеді. Салдарды қазақ халқы өте еркелетіп өсірген. Ол өте кербез, бойкүйез, паң, онымен қатар мінезі өте жайдары, ашық ер көңілді келеді. Шон, Торайғыр би, Дәулеткерейлер бұрынғы ата дәстүрі бойынша салдардың кейбір асқан мінезіне бөгет болмай, оларды еркелетіп қызық көрген...

Сал-серілер тұлғасынан олар өмір сүрген кеңістік – қазақтың ұлы даласын, өзгеге ұқсамайтын төлтума мәдениетті, ұлттық болмыс тұтастығын көруге болады. Бұл ретте ғалым Ш.Ыбыраев «Уақыт пен кеңістік ұғымдарының дәстүрлі ұлттық сипатта, алдымен фольклорда сақталатынын айтып, көркемдік ойлаудың тарихынан уақыт пен кеңістік туралы ұғымдардың қалыптасу тарихын бөліп алуға болмайтынын ескертеді» [9, 14]. Ерте дәуірден басталған сал-серілер өмірі XIX ғасырда жалғасты. Уақыт адам санасына өзгеріс, жаңалық әкеледі. Уақыт пен кеңістік аясында өмір сүрген сал-серілер – тіршіліктің иесі – адам. Қоғамның жаңғыруы, уақыттың алмасуы сал-серілер өміріне әсерін тигізбей қоймайды.

«Сері мен салдың көп тараған жері – Көкшетау төңірегі. Олардың бұл өлкеде көп екенін бірінші рет айтып жазған – түрік елдерінің тілін жүйрік білетін офицер-ғалым Услар деген кісі. 1840 жылдары Усларды Кенесары көтерілісін басқаруға жіберген. Бірақ ол қазақ тұрмысын зерттеуге айрықша көңіл бөледі. Оның бақылауынша қазақ тілі азербайжан тіліне жақын, айырмасы тек дыбысты өзгертіп сөйлеуінде. Қаланың іші толып жүрген қазақ. Солардың ішінде өзгеше киінген көп қазақ салдарын көреді. Олардың бәрі фронт – сылқым, форсим – кербез. Кигендері ылғи жібектен тігілген қырмызы не жасыл шапан, аса кең, басында шошақ бөрік, аяғына кигені көксауыр шоңқайма етік. Олар әдемілеп кестеленген, түсі не қызыл, не жасыл болып кездеседі» [5, 179].

Жалпы адамзаттық құндылығы бар тәлтума мәдениетімізді қалыптастыратын өнердің өміршеңдігі, жан-жақтылығы адамзат баласының қоғам мен тарихқа деген объективті көзқарасынан бастау алады.

Ұлттық психология мен халықтың санасы қоғам дамуы мен тарих заңдылығынан тыс қала алмайды. Рухани құндылықтар ел санасына сіңіп, жаңғырған бүгінгі таңда өткенге үңіліп, ұлт тәуелсіздігі жолындағы сал-серілердің қоғамда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде өзіндік орыны бар екенін айта аламыз. Біржан әндері, өнері жайында айтылған ой-пікір А.В.Затаевич, С.Мұқанов, А.Жұбанов, Б.Ерзакович, Қ.Қаңтарбаевтың зерттеу еңбектерінде бар.

Сал-серілер қашанда халықтың ойын-сауық өнерін жаңа көркемдік сипатта дамыта отырып, ұлт мүддесіне, халық игілігіне жаратты. Сұлулықты сүю, жан сұлулығын сезіну – сал-серілерге тән қасиет. Табиғатынан ерекше, текті өнер адамдарының сыртқы келбеті мен жан әлемінің кіршіксіз тазалығының үйлесуі – заңды құбылыс. Ел алдында актер болып, сайқымазақ ретінде әзіл мен қулық элементтерін жетік меңгерген сөз тапқыш, суырып салма, яғни, өнердің хас шеберлері ел аралап, биік парасаттылықты, адамгершілік негізін, ұлт келбетін көрсете білген.

Қазақ қаламгерлері өз туындылары арқылы тарих қойнауына, ғасырлар көшіне барлау жасады, ұзақ мерзім бойы салтанат құрған ұлттық болмысқа, ұлттық болмыс аясындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа, әлемде теңдесі жоқ құбылыс – сал, серілер феноменіне зерделеу жүргізді. Белгілі бір тарихи оқиға, құбылысты бейнелегенде оны сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардан, рухани өмір санасынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Олай болуы заңды да, себебі әдебиет – адамтану ғылымы. Адамдар тобы қоғамды құрайды. Сол қоғамда өзіндік заңдылықтар қалыптасады. Ендеше, тарихи сипаттағы көркем шығармалардың танымдық, тағылымдық мәні ерекше.

Өнер алды – қызыл тіл

«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына шәкіртім Құдайбергенов Еріктің «Туған өлке», «Ана», «Отан», «Бұлдыртым» тақырыбындағы өлеңдерін ұсынып отырмын.

«Отан», «ана» туралы өлеңдері жүрегіңе жылылық ұялатады. Ерікке қасиетті қара өлеңнің биігіне шығады деген сенім білдіріп, ақындық жүрегіндегі шабытына шабыт қосылып, қаламы ұшталып, қиялына қанат бітіре берсін демекпін!

Ізгі тілекпен: **Қырмызы Қыдырғалиева,**

«Бұлдырты» жалпы орта білім беретін мектебінің жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,

Сырым ауданы.

Ерік ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,

«Бұлдырты» жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы, оқу озаты, «Жас ұлан» ұйымының мүшесі, аудандық олимпиада жүлдегері.

ТУҒАН ЖЕРІМ, ТУҒАН АНАМ – ЖЫРЫМСЫҢ

БҰЛДЫРТЫМ

Бұлдыртым, менің Бұлдыртым.

Жайқалып өскен қыр гүлім.

Құмыңда аунап, суынды ішкен

Өзіңде өскен бір ұлмын.

Сенде тудым, сенде өстім,

Сен деп соғар жүрегім.

Өзің болдың әрқашан

Бағдаршам да тірегім.

Нәр алып өстім өзіңнен,

Жұпардай таза ауаңнан.

Аппақ қардай ұлыған

Көрінбес қалың бораннан.

Әрдайым ағып жататын
Айналдым мөлдір суыңнан.
Әрдайым түсіп тұратын
Айналдым күннің нұрынан.
Қатарлас өскен тал, терек,
Тербеле өскен бұтағы.
Жымындап жұлдыз көктегі,
Көк аспан – оның тұрағы.
Бораның қандай ақ ұлпа,
Гүілдеп, есер маңайдан.
Қасқырша ұлып, ыңырысып
Жүретін көшіп сай-сайдан.
Жаратқан екен бұл жерді
Қай күш, ие табиғат?
Алғыс айтам бабама
Қалдырған мұра, аманат!

АНА

Ана жолы – тағдырыңның тынысы,
Ұлылардың ішіндегі ұлысы.
Құрметтей біл жаныңдағы анаңды,
Одан артық бола алмайды бір кісі.
Жақын жанның қадірі – өз қадірің,
Жақын жанның тағдыры – өз тағдырың.
Ананың әр көз жасын ұғына біл,
Жапырақ жайған анадан өз тамырың.
Ана, ана – дүниедегі асыл жан,
Еш нәрсеге сатылмайтын терең мән.
Мағынасы ерекше бұл өмірде
Нұрын шашып, табылатын қасыңнан.
Адамзатта, жер жүзінде бір ғана
Жаннан артық, адам болса бір дара,
Келер ұрпақ, бір өзіңнен тарайтын
Ардақты жан, қымбатты жан, ол – Ана!

ОТАН

Отаным, оттай ыстық туған жерім,
Өсіп-өнген, ержеткен өз мекенім.

Жердің жүзін аралап, айналсамда,
Өзіңе тең келетін жер көрмедім.
Отан – мынау кең далам, туған өлкем,
Жайқалған жасыл орман, жасыл белім.
Табиғаты сын-бейнелі, сәнді көркем,
Бұл – менің қасиетті, асыл елім.
Отан – өнер, шарықтаған нұр-өлеңім,
Толқындап, асып-тасқан тау, өзенім.
Жүрегім сен деп соқсын әрқашанда,
Кешіп өтем ой-теңіздің жыр-өткелін.
Отан – үйім, жанашыр жылы ұям,
Биікке талпындырар өскен ортам.
Ертеңгі болашаққа жетелейтін
Жаңғырған, жалындаған жалынды ұран!

ТУҒАН ӨЛКЕ

Туған жер – жұмақ мекен, кең сарайым,
Сен барда құлашымды кең салайын.
Қыранша көкте ұшып, еркіндікте,
Байтағым, жазирадан бір шолайын.
Үнің бар табиғатпен тілдесетін,
Тамаша, тылсым тілмен үндесетін.
Қиналып, жабырқаған кезім болса,
Жаныма жебеушім боп сен келесің.
Туған өлке, бұлттан асқан тауың қандай,
Тамсанып, жұпар шашқан таңың қандай?!
Өз жерімді жырламай өтер ме екем,
Егер де тасың болсам, ақын болмай.
Алыс кетсем жырақтап туған жерден,
Сарғайып, сағынамын сені іздеумен.
Қия алмаймын, қимаймын өзге жерге,
Самалыммен бірге ытқып келемін мен.
Қасиетті мекенім, гүл құлпырған,
Мың жылдық шежірең бар терең тұнған.
Туған өлкем, ыстықсың-ау, өте ыстық
Жанарыңда сарқырап шер бұлқынған!

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Жүрнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №6552-Ж Қуәлігі берілген.
Басуға 30.07.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 9.0.
Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 439.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы, Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер: 268-32-48. Факс: 243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №4, 2014 ж., 144 бет, Алматы.